

#КүшімізБірлікте

Биыл Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылғанына 30 жыл толып отыр. Осы кезеңде әскеріміз айбынды армияға айналды. Қырағы жауынгерлеріміз ел шебін қас қақпай күзетіп тұр. Олар мемлекеттігімізді нығайтуға зор еңбек сіңіруде. Қарулы Күштеріміз – Тәуелсіздіктің мызғымас тұғыры, елдіктің берік қалқаны.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



АЙБЫНДЫ АРМИЯ –
ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ
ҚОРҒАНЫ

3

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН



КҮШТІ ПРЕЗИДЕНТ –
ЫҚПАЛДЫ
ПАРЛАМЕНТ – ЕСЕП
БЕРЕТІН ҮКІМЕТ

4-5

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 6 мамырдағы
мәлімет бойынша АЛМАТЫДА
I компонентпен

1 100 544

II компонентпен

1 082 028

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 6 мамырдағы
мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА

I компонентпен – **9 487 937** адам,

II компонентпен **9 251 470** адам

вакцина салдырды.
Ревакциналандығандар саны –
4 049 768

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

7.05.2022

Түнде:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+26+28 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
5-10, найзағай кезінде екпіні
15-20 м/с

8.05.2022

Түнде:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+28+30 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №48-49 (6184) 7 мамыр, сенбі, 2022 жыл.

БҮГІН – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЫЗҒЫМАС ТҰҒЫРЫ

Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар



Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран! Ұлы Жеңіс күні де, Отан қорғаушылар күні де біз үшін тағылымдық мере-келер. Бабалар ерлігі, аға ұрпақтың даңқты жолы ешқашан ұмытылмайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жо-март Тоқаев айтқандай, «Айбынды армиямыздың даңқты дәстүрі кең-байтақ жерімізді жанқиярлықпен қорғап қалған батыр бабаларымыз бен Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің өшпес ерлігінен бастау алады. Бүгінде әскеріміз тәуелсіз Қазақстанның берік қалқаны ретінде жауынгерлік шеберлік пен асқақ рухтың озық үлгісін көрсетіп келеді».

8

9 МАМЫР – ЖЕҢІС КҮНІ

ЕРЛІККЕ – ТАҒЗЫМ!

Мегаполисте мереке құрметіне орай 40-тан астам түрлі іс-шаралар өткізіледі



Алматы қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде мегаполисте Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 77 жылдығын мерекелеуге дайындық барысы туралы айтып берді.

12

ҚЫСҚА...

- Қазақстандықтар 5 маусымда өтетін референдумға 51 елде дауыс бере алады.
- Қазақстан мәслихат депутаттарының бірлестігі республикалық референдумды қолдайтын қоғамдық штаб құру бастамасын көтерді.
- «Жеңіс» акциясы: 2014 жылдан бері соғыс және тыл ардагерлері пойызбен тегін жүреді.
- Алматыдағы мемлекеттік орталық музейде есімі аңызға айналған қазақтың батыр қызы Хиуаз Доспанованың ерен ерлігін насихаттайтын көрме ашылды.
- Майдаңда ерлікпен қаза тапқан үш қазақстандық батырымызға «Халық қаһарманы» атағы берілді.
- Алматыда «AMANAT» партиясының қалалық штабының ашылуы өтті.
- ҚР Бас санитар дәрігерінің референдумға дайындық туралы қаулысы шықты.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

РЕФЕРЕНДУМ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАЙДЫ

Әрбір азаматымыз дауыс беріп, осы тарихи бетбұрысты жасауға өз үлесін қоса алады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізу жобасы бойынша республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. Президентіміз Ата Заңға енгізілген өзгерістерді халықтың талқысына салып, көпшіліктің шешіміне сүйеніп қабылдауды көздеп отыр. 2022 жылғы 5 маусым – жалпыұлттық референдум өтетін күн деп белгіленді. Осыған орай, Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына бейнеүндеуін жолдады.

Реформа жөніндегі референдум Екінші Республика құруға құқықтық негіз қалыптастырады. Президент тұжырымдағандай, бұл Конституциялық реформаның шын мәнінде, ел тағдыры үшін айрықша мәні зор. Республикалық референдум – Президенттің саяси реформалар бағдарламасын жүзеге асырудың маңызды кезеңі болмақ. Түбегейлі өзгерістерге бағдарланған бұл Конституциялық реформалардың басты бағдарларының бірі – еліміздегі демократиялық ахуалды нығайту, ұлықтау арқылы азаматтардың мемлекет ісіне араласу мүмкіндігін арттыру.

(Республикалық референдум өткізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы мен «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заң жобасы және Президентіміздің бейнеүндеуі газетіміздің бүгінгі санында жарияланып отыр).

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаевтың
БЕЙНЕҮНДЕУІ

Құрметті отандастар!

Баршаңызға мәлім, Мен биыл халыққа Жолдауымда саяси жаңғыру туралы ауқымды бағдарлама ұсындым. Бұл құжат қоғамда жан-жақты талқыланды. Сарапшылар қауымы және белсенді азаматтар осыған қатысты өз пікірін білдірді. Қалың көпшілік қолдау көрсетті.

Жолдауда айтылған бастамалардың негізгі мақсаты – саяси жүйемізді түбірімен өзгерту. Бұл халықтың көп жылғы талап-тілегінен туындап отыр. Азаматтарымыз мемлекетті басқару ісіне қатысуға кен мүмкіндік берілгенін қалайды. Сондай-ақ, саяси үдерісті түбегейлі демократияландыру қажет деп санайды. Мұны тиімді жүзеге асыру үшін Ата Заңымызға өзгерістер енгізу қажет.

Бір сөзбен айтқанда, конституциялық реформа жасау керек. Осыған орай, менің тапсырмаммен арнаулы жұмыс тобы құрылды. Оған белгілі құқықтанушы ғалымдар, тәжірибелі сарапшылар және құзырлы органдардың өкілдері кірді.

Жұмыс тобы Негізгі заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасын әзірледі. Оны мұқият зерделеп, Конституциялық кеңеске жолдадық. Бұл орган өз қорытындысын ұсынды. Құжат жобасы Ата Заң нормаларына сай келеді. Біз конституциялық реформаның шешуші кезеңіне қадам бастық.

Енді Негізгі заңды өзгертуіміз керек. Шын мәнінде, мұның ел тағдыры үшін айрықша мәні бар.

Ата Заң баптарының үштен бірі өзгереді. Ашығын айтсақ, Конституциямыз мүлде жаңа сипатқа ие болады. Сол себепті, мен республикалық референдум өткізу туралы бастама көтердім. Өйткені, мұндай ауқымды өзгеріс бүкіл халықтың шешімімен жүзеге асырылуға тиіс.

Барлық дамыған елде плебисцит тікелей халық билігінің айқын көрінісі саналады. Бірақ Қазақстанда демократияның бұл тиімді институтының әлеуеті толыққанды пайдаланылмай отыр.

27 жыл бұрын өткізілген референдумда қазіргі Ата Заң қабылданды. Одан кейінгі барлық конституциялық реформа Парламентте мақұлданды. Негізінде, бұл заңды қалыптасқан тәжірибе. Бірақ дамудың жаңа кезеңінде, Жаңа Қазақстанды құру жолында еліміз үшін осындай аса маңызды шешімдерді бүкіл халық болып қабылдауымыз керек. Бұған кәміл сенемін. Сондықтан бүгін мен Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойдым.

Конституциялық түзетулер жобасы бойынша азаматтардың жаппай дауыс беруі біздің демократиялық қағидаттарды берік ұстанатынымызды білдіреді.

Алдағы референдум Қазақстанның болашағын айқындайды. Әрбір

азаматымыз дауыс беріп, осы тарихи бетбұрысты жасауға өз үлесін қоса алады. Конституциялық реформа барлық мемлекеттік модельді кешенді түрде өзгертуге бағытталған. Түзетулер «суперпрезиденттік» басқару үлгісінен ықпалды Парламентті және есеп беретін Үкіметі бар президенттік республикаға түбегейлі көшуді көздейді.

Конституциялық реформа биліктің өкілді тармағын айтарлықтай күшейтеді. Үйлесімді және теңгерімді жүйені нығайтады. Мәслихаттардың ықпалын арттырады.

Мәжіліс пен облыстық мәслихаттардың депутаттарын сайлаудың аралас мажоритарлы-пропорционалды моделі енгізіледі. Бұл қадам сайлаушылардың көзқарастары мен пікірлерін барынша толық қамтуға мүмкіндік береді.

Аудандық және қалалық мәслихаттардың депутаттарын сайлаудың мажоритарлық жүйесінің толықтай енгізілуі өңірлердің тыныс-тіршілігіне азаматтардың ықпал ету мүмкіндігін арттыруға жол ашады.

Конституцияның жаңарған нұсқасында Президенттің барлық саяси күштер мен партиялардан дербестігін бекіту көзделген.

Мемлекет басшысының жақын туыстарына саяси лауазым иеленуге және квазимемлекеттік секторда басшылық қызмет атқаруға тыйым салынады. Сондай-ақ, құқық қорғау саласы бойынша маңызды өзгерістер енгізіледі. Атап айтсақ, Конституциялық сот құрылады. Адам құқықтары

жөніндегі уәкілдің, яғни омбудсменнің мәртебесі Ата Заңмен айқындалады. Елімізде өлім жазасы мүлде жойылады. Мұның бәрі азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау үшін жасалып жатыр. Алдағы конституциялық реформа ел дамуының жаңа кезеңі басталғанын көрсетеді.

Құрметті отандастар!

Біз бәріміз бір ел болып Жаңа Қазақстанды, Өділетті Қазақстанды құрамыз. Әрбір азаматтың құқығы қорғалатын мемлекет боламыз. Бәріне бірдей мүмкіндік береміз. Әркім қарым-қабілетіне сай қоғамнан өз орнын иеленеді. Халықтың ой-санасы жаңғырып, өмір салты өзгереді. Біз мемлекеттік жүйені жетілдіріп, қоғам мен биліктің тиімді диалогын орнатамыз. Осылайша Екінші Республиканы қалыптастырамыз. Конституциялық реформа мұның бәрін табысты жүзеге асыру үшін қажет.

Қазіргі реформаның ерекшелігі – Президенттің өкілеттігін күшейту емес, мемлекетімізді жетілдіру, жаңғырту және нығайту. Мен баршаның елдің ертені, ұрпақтың келешегі үшін референдумға қатысуға шақырамын! Ұлт мүддесіне сай бастамаларды қолдайсыздар деп сенемін! Еліміздің жарқын болашағы – өз қолымызда! Күшіміз – бірлікте! Бірге болайық! Береке-бірлігімізді нығайтайық!

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘКІМ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев
«Бәйтерек» холдингі Басқарма төрағасымен кездесті

Алматы қаласының әкімдігі мен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне өтуде. Бұл қадам екі тараптың қаланы дамыту мақсатындағы өзара іс-қимыл әрекетін күшейтеді.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Тараптар мегаполистің әрі қарай дамуының перспективаларын талқылады. Өңірме барысында кәсіпкерлерді қаржылық қолдау, қаланың тұрғын үй қорын жаңарту, ESG жобаларын іске асыру және тағы басқа мәселелер бойынша ұзақ мерзімді ынтымақтастық туралы сөз болды.

Қазіргі уақытта, қаланың өнеркәсіп саласын дамыту үшін «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ желісі бойынша Индустриалды аймақтағы шағын өндірістік парктерді қаржыландыру мәселесі пысықталуда. Жоба аясында бизнес бағасы кемінде 80 млн теңге тұратын жабдықты жылдық 3% мөлшерлемесі бойынша 3 жылдан 20 жылға дейінгі мерзімге лизингке сатып ала алады. Бағдарламадан күтілетін тиімділік – іскерлік белсенділікті арттыру және жаңа жұмыс орындарын құру.

Кәсіпкерлерге қолжетімді қаржыландыруды ұсыну үшін «Даму» ҚДҚ» АҚ бірлесіп «Almaty Business» өңірлік бағдарламасына факторингтік келісімдер арқылы өзгерістер енгізу барысында АЭА аумағындағы жобаларды қаржыландыру мөлшері 500 млн теңгеге дейін артады, шағын және орта бизнес үшін сыйақының жылдық мөлшерлемесі 6% болады.

Өнімді экспортқа шығаратындарды қолдау мақсатында жобаларды жылдық 12%-ға дейінгі мөлшерлемесі бойынша айналым қаражаттарын толықтыру үшін «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ желісі бойынша экспорт алды қаржыландыру жоспарлануда, бұл отандық тауар өндірушілерді халықаралық нарықта қолдауды қамтамасыз етеді. Тараптар машина жасау саласын дамыту перспективаларын талқылады.

Атап айтқанда, «Hyundai Trans Kazakhstan» базасында автокомпоненттер зауытын салу жөніндегі жобаны «ҚДБ-

»АҚ-ның қаржылық қолдауы талқыландуда. Жоба өндірісті оқшаулау деңгейін 8%-ға арттыруға және Алматы қаласының экспорттық әлеуетін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Кездесу барысында «Бәйтерек» холдингінің еншілес компанияларының Алматы қаласының 2021–2025 жылдарға арналған тұрғын үй қорын реновациялау бағдарламасына қатысуы бойынша бірқатар мәселелер қаралды.

«Біз «Бәйтерек» холдингімен ШОБ қолдау бойынша энергетика, көлік, өңдеу өнеркәсібі, тұрғын үй бағдарламалары мәселелеріне қатысты ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруда да өзара іс-қимыл жасауға мүдделіміз. Біз ESG – жобаларын іске асыру үшін жасыл облигациялар шығаруға, автобус паркін экологиялық қоғамдық көлікпен жаңартуға және т.б. дайынбыз», – деп атап өтті Ерболат Досаев.

Кездесу қорытындысы бойынша осы жылдың мамыр айының соңына дейін тараптар орындау мерзімі 2025 жылға дейінгі мерзімге арналған Алматы әкімдігі мен «Бәйтерек» холдингі арасында бірлескен Жол картасына қол қоюға келісті.

ТӨЛЕМ

ЕШКІМ ДЕ, ЕШТЕҢЕ
ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫДос
ОРЫНБЕКҰЛЫ

Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен оларға теңестірілген тұлғалар Жеңіс күніне орай төлем алды.

Алматыда Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 77 жылдығына орай қаланың барлық ардагерлері 1 млн теңге көлемінде бірреттік төлем алды. Бүгінде Алматыда 75 ардагер (ҰОС) тұрып жатыр. Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген 1592 тұрғынға және басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының 2870 ардагеріне 100 мың теңге мөлшерінде бірреттік материалдық көмек көрсетілді.

Жеңіс күніне орай төлем алушылар тізіміне соғыс кезінде тылдағы қажырлы еңбегі үшін ордендермен және медальдармен марапатталған 9370 тыл еңбеккері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің 455 жесірі кірді. Олар үшін бірреттік материалдық көмек мөлшері 50 мың теңгені құрады. Жеңіс күніне орай материалдық көмек Алматы қаласының әкімдігі бекіткен тізімдер бойынша өтініштер талап етілмей төленді. Барлық төлемдерді 14 362 адам алды.

Айта кеткен жөн, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың ұсынысы бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін біржолғы төлем сомасы екі есеге – 500 мың теңгеден 1 млн теңгеге дейін ұлғайтылды. Осыдан соң мәслихат депутаттары Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XVIII сессиясында қала басшысының ұсынысын қолдады.



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

АЙБЫНДЫ АРМИЯ – ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ҚОРҒАНЫ

Президент Отан қорғаушылар күніне арналған салтанатты жиынға қатысты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Отан қорғаушылар күніне арналған салтанатты жиында сөз сөйлеп, сардарлар мен сарбаздарды, ардагерлерді мерекелемен құттықтады.

– Осыдан отыз жыл бұрын Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстанның Қарулы Күштері құрылды. Бұл мемлекеттігімізді нығайту жолындағы маңызды қадам болды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЕЛДІК ПЕН ЕРЛІК – ЕГІЗ ҰҒЫМДАР

Президент егемендік алған кезде әскери әлеуеті мықты армия жасақтауға баса мән бергенімізді, отаншыл әрі кәсіби мамандардың арқасында бұл міндет ойдағыдай атқарылғанын атап өтті.

– Қорғаныс саласындағы негізгі мәселелер дер кезінде шешімін тапты. Осы маңызды жұмысқа еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі, Халық қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетов өлшеусіз үлес қосты. Оның мол тәжірибесі Қарулы Күштеріміздің негізін қалауға зор септігін тигізді. Бүгінде «Жас ұлан» әскери мектебіне және Құрлық әскерлерінің әскери институтына Сағадат Нұрмағамбетовтің есімі берілген, – деді Президент.

Мемлекет басшысы айбынды армиямыз Тәуелсіздігіміздің қорғаны, Жаңа Қазақстанның тірегі екенін айтып, отаншыл әрі қайсар сарбаздарымыз ел қауіпсіздігін сенімді қорғап тұрғанына тоқталды.



Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, біздің сыртқы саясатымыз сындарлы, салмақты, елдің ұлттық мүддесін қорғауға бағытталғандықтан, мемлекеттердің бәрімен достық қарым-қатынас орнатып келеміз.

– Бірақ бұрын-соңды болмаған әлемдік геостратегиялық шиеленіс жағдайында еліміздің қорғаныс қабілетін арттырудың мәні зор. Әскери-техникалық саладағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту – Қазақстан үшін маңызды. Бітімгерлік қызметінің арқасында Қазақстан армиясы әлемдік деңгейде танылды. 1990

талап етеді. Сондықтан, менің тапсырмам бойынша жоғары мобильді және гибриді соғыстар жүргізуге қабілетті арнайы операциялық жасақтар құрылды. Әлемдегі соңғы оқиғалардың тәжірибесін ескере отырып, біз әскери іс-қимылдардың стратегиясы мен тактикасын үнемі жетілдіріп отырамыз. Жеке құрам жүйелі түрде жауынгерлік дайындықты пысықтайды, ауқымды оқу-жаттығулар өткізіледі. Болашақ офицерлерді даярлаудың заманауи жүйесі құрылды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

жастардың болашағына жол ашады. Осы орайда, әсіресе, басшылық құрамға зор жауапкершілік жүктеледі. Сіздердің Отан алдындағы адал қызметтеріңіз жастарға үлгі-өнеге болып, айрықша ерік-жігер береді, – деді Президент.

ДАҢҚТЫ ЕРЛЕРІМІЗДІҢ РУХЫНА ТАҒЫМ ЕТЕМІЗ

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлы Жеңіс қарсаңында Отан қорғаушы күнін тойлаудың символдық мәні зор екенін, Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихында өшпес із қалдырғанын атап өтті. Президенттің айтуынша, соғыс кезінде халқымыз көзсіз ерлік пен қайсарлық көрсетті.

– Республикамызда соғысқа дейінгі жылдары құрылған зауыттар мен соғыс кезінде көшірілген кәсіпорындар армияны қамтамасыз етуде, Жеңісті жасақтауда зор рөл атқарды. Фашистік басқыншылармен шайқаста жанқиярлық ерлік көрсеткені үшін Қазақстаннан шақырылған 500-ден астам жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Қан майданда қазақтың арулары да ерлікпен шайқасты. Қаһарман қыздарымыз Әлия Молдағұлова мен Мәнішүк Мәметованың аты аңызға айналды. Биыл Хиуаз Доспанованың туғанына 100 жыл толады. Ол – 300-ден астам әуе жорығын жасаған. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін әйгілі ұшқышқа «Халық қаһарманы» атағы берілді. Бірақ әлі де көптеген отандасымыздың батырлығы лайықты бағаланбай келеді. Сондықтан тарихи әділдік орнату – Отан алдындағы қастерлі міндетіміз, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы сол себепті, бүгін сұрапыл соғыстағы ерлігі еленбей қалған батырларымызға «Халық қаһарманы» атағын беру туралы Жарлыққа қол қойғанын айтып, атакты мергендер Төлеуғали Әбдібеков пен Ыбырайым Сүлейменов және атқыштар батальонының командирі Александр Несмияновтың есімдерін атап өтті.

– Осы қаһармандарымызға тиісті атақтарын беру – тарихи әділдікті орнату деген сөз. Біз даңқты ерлеріміздің рухына тағзым етеміз. Майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің ерлігін жадымызда жаңғырту – перзенттік парызымыз. Олардың өмір жолы ұрпаққа үлгі-өнеге бола береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөзінің соңында жиынға қатысушыларды Отан қорғаушы күнімен және Жеңіс мейрамымен құттықтап, мерекелік концертті тамашалады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



– Олар батыр бабалардың даңқты жолын лайықты жалғастырып келеді. Қазақ үшін елдік пен ерлік – егіз ұғымдар. Батырлық – қанымызға сіңген қасиет. Қазыбек би айтқандай, «Біз – жерімізге жау тимесін деп, найзаға үкі таққан елміз». Ұлы дала ұландары қашанда ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен атамекенін қорғай білген. Алтайдан Атырауға дейінгі кең байтақ жерін ұрпаққа мұрас еткен. Біз аманатқа адал болып, еліміздің тұтастығы мен тыныштығын сақтау үшін бәрін жасаймыз. Бұл – Қазақстанның әрбір азаматының қасиетті борышы, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

АРМИЯМЫЗ ӘЛЕМДІК СТАНДАРТҚА САЙ ЖАБДЫҚТАЛҒАН

Президент еліміздің әскери доктринасы тек қорғанысқа бағытталғанын, ұлттық мүдделерді қорғау мәселесінде дипломатияға сүйенетінімізге ерекше мән берді.

жылдары біз Тәжікстанға алғаш рет бітімгерлік күш жібердік. Қазақстандық әскерилер БҰҰ мен ЕҚЫҰ миссиялары аясында табысты қызмет атқарды. Бүгінде біздің бітімгерлік контингент Ливан мен Батыс Сахарада жүр, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, мұның бәрі Қазақстанның бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға елеулі үлес қоса алатын сенімді серіктес ретіндегі беделін нығайтады. Сонымен қатар Қарулы Күштерді жоғары технологиялық қару-жарақпен және техникамен қамтамасыз етуге үлкен мән береміз. Нақты ұрыс қимылдарында тиімділігін дәлелдеген қару үлгілерін сатып аламыз және отандық кәсіпорындарда шығарамыз.

– Бүгінде армиямыз әлемдік стандартқа сай жабдықталған. Сонымен қатар жаңа жаһандық сын-қатерлер Қарулы Күштеріміздің жауынгерлік қабілетін арттыру үшін оңтайлы шешімдер іздеуді

ОТАНШЫЛ ЖАСТАРДЫҢ БОЛАШАҒЫНА ЖОЛ АШАДЫ

Мемлекет басшысы әскери білім беру саласына арнайы тоқталды. Оның айтуынша, ұл-қыздарымыз республикалық әскери мектептерде Отан қорғау ісін меңгере бастайды және елімізде үздік әскери оқу орындары бар.

– Оның көш басында тұрған Ұлттық қорғаныс университеті қауіпсіздік саласындағы ірі ғылыми орталыққа айналды. Мемлекет әскери қызметшілердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға баса назар аударып келеді. Оларға баспана беріледі, басқа да жеңілдіктер ұсынылады, лайықты жалақы төленеді. Жастар үшін әскери борышын өтеу және Қарулы Күштер қатарында келісімшартпен қызмет ету – абыройлы міндет. Шын мәнінде, армия – өмір мектебі ғана емес. Сонымен бірге мақсаты айқын және отаншыл



#ЖОЛДАУ2022

Стратегиялық 10 бастама:

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ӨКІЛЕТТІГІ ТУРАЛЫ

■ Қазір бізде барлығы Президентке келіп тіреледі. Бұл – дұрыс емес. Біртіндеп бұдан бас тартуымыз қажет. Мен үшін мемлекеттің ұзақмерзімді мүддесі биліктің қосымша мүмкіндіктеріне және уақытша ықпалына қарағанда әлдеқайда маңыздырақ.

■ Партияның мемлекеттік аппаратқа кірігуіне мүлдем жол бермеген жөн. Саясаттағы монополия түрлі әлеуметтік кеселді туындататыны және мемлекетті дағдарысқа ұшырататыны анық. Саяси үстемдікке барынша шектеу қою қажет.

■ Президент өзінің өкілеттігін атқару кезеңінде партияға мүшелігін тоқтата тұруға міндетті екенін заң жүзінде ресімдеуді ұсынамын. Бұл норма саяси бәсекені арттырып, барлық партияның дамуына бірдей жағдай жасайды.

■ Орталық сайлау комиссиясының, Есеп комитеті мен Конституциялық кеңестің төрағалары және мүшелері міндетті түрде партиядан шығуы керек деген норманы да заңнамаға енгізген жөн.

■ Әкімдер мен олардың орынбасарларына партия филиалдарында да лауазым иеленуге заң жүзінде тыйым салу керек. Мұндай шешімдер көпжылдық партиялық жүйе қалыптастыруға мүмкіндік береді.

■ Барлық азаматтарға бірдей мүмкіндік берілетініне Мемлекет басшысы мызғымас кепіл болуға тиіс. Сондықтан Президенттің жақын туыстарына саяси мемлекеттік қызметші болуға және квазимемлекеттік секторда басшылық лауазымдарды иеленуге заң жүзінде тыйым салынады. Мұндай норманы Конституцияға енгізсек те артық болмайды деп санаймын.

■ Президенттің өкілеттігі неғұрлым көп болса, ол соғұрлым шексіз биліктің иесіне айналады. Мемлекет басшысы облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдері шығарған актілерді жоюға немесе ондай құжаттардың қолданылуын тоқтата тұруға құқылы. Бұл норма «қолдан басқарудың» орынсыз тәжірибесінің орнығуына әкеп соқтырады және жергілікті атқарушы органдардың дербестігін әлсіретеді. Оның үстіне қазір Президенттің аудан, тіпті ауыл әкімдерін лауазымынан босатуға құқығы бар. Мұндай заң нормаларын жою керек.

■ Президентті тым көп өкілеттігінен айыру еліміздегі саяси жаңғыру үдерісінің тек ілгері басуын қамтамасыз етеді. Ұсынылып отырған бастамалар «ойын ережесін» түбегейлі өзгертіп, қоғамды одан әрі демократияландыру үшін берік негіз қалыптастырады.

ПРЕЗИДЕНТ НЕ ДЕДІ?

• Халыққа қажетті реформаларды жүзеге асыру – менің Мемлекет басшысы ретіндегі басты міндетім.

• Саяси трансформация бүкіл салада тамыр-таныстық пен монополияны түбірімен жойып, адал әрі әділ «ойын ережесін» қалыптастыруды көздейді.

• Біздің мұратымыз – Жаңа Қазақстанды құру. Бұл нені білдіреді? Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі.

• Президент бастамалары аясында Конституцияның 30-дан астам бабына өзгеріс енгізу қажет. Сондай-ақ, жылдың соңына дейін тағы 20-дан астам заң қабылдау керек.

• Біз жаңа Қазақстанда «түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидатын берік ұстануға тиіспіз. Диалог пен мәміленің жоғары мәдениеті еліміздегі азаматтық ынтымақты арттыратын басты фактордың біріне айналады.

• Жаңа Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдырамыз. Осыған орай, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын басшылыққа аламыз.



ТАЛҚЫЛАУ

«КОНСТИТУЦИЯ 2022: ЕКІНШІ РЕСПУБЛИКАНЫҢ НЕГІЗІ»

Мемлекеттік хатшы Ерлан Қариннің қатысуымен «Конституция 2022: Екінші республиканың негізі» атты сарапшылар талқылауы өтті. Жиынға Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелері, белгілі саясаттанушылар мен заңгерлер қатысты.

Кездесуде Ерлан Қарин Конституциялық кеңес оң қорытындысын берген Ата Заңға енгізілетін түзетулер мен толықтырулар жайында сөз қозғады. Мемлекеттік хатшы конституциялық реформа билік тармақтары арасындағы қарым-қатынас байланысын оңтайландыруға, халықтың мемлекетті басқару ісіне араласуын кеңейтуге және қазақстандықтардың конституциялық құқығының қорғалуын күшейтуге мүмкіндік беретінін атап өтті.



Өз кезегінде Ұлттық кеңес мүшелері мен саясаттанушылар ел Конституциясына енгізілетін өзгерістерді қолдады. Жиында аталған өзгерістерді әзірлеу бары-

сында Ұлттық кеңес мүшелерінің ұсыныстары мен ұсынымдары ескерілгеніне назар аударылды.

Кездесу соңында сарапшылар конституциялық ре-

форма қазіргі саяси модельді жүйелі түрде трансформациялауға негіз болады деп қорытынды жасады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ОЙ-ӨРІМ

Конституциялық реформа – жалпыұлттық сипаттағы бағдарлы мәселе. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұжырымдағандай, саяси жаңғыру болмаса, елімізді орнықты дамыту, ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жасау мүмкін емес. Бұл – ақиқат.

Өткен үш жылға жуық уақыт ішінде Президентіміз халқына берген уәделерін мүлтіксіз орындап, Антқа адалдығын дәлелдеп келеді. Саяси трансформация барлық салада тамыр-таныстық пен монополияны түбірімен жойып, адал әрі әділ «ойын ережесін» қалыптастыруды көздейтінін қадап айтты. Бізге «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын аманаттады. Басқарудың суперпрезиденттік үлгісінен мықты Парламенті бар президенттік республикаға біржола көшу үшін «Күшті Пре-

зидент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын басшылыққа алуды тапсырды.

Ең бастысы, қоғамды толғандырған бірқатар мәселелер шешімін тапты. Президент алғашқыда ұсынған саяси реформалардың төрт топтамасы бойынша нақты нәтижелер көріне бастады. Мұны елімізде соңғы уақытта болып жатқан тарихи шешімдер мен маңызды оқиғалар айғақтайды. Қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған бірқатар маңызды бастамалар жүзеге асты. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылды. Ондағы пікірталастағы әр пікір, әр ұсыныс назардан тыс қалмады, мұқият зерделенді. Саясат саласында ғана оннан астам заң қабылданды. Осыған қарап-ақ еліміздегі оң үдерістердің ауқымын межелелеуге болады. Солардың бірі де бірегейі – бейбіт жиналыстар туралы жаңа заңның демократиялық бағдары қоғамның зор қолдауына ие болды.

БҰЛ – ЖАҢАРУ



КҮШТІ ПРЕЗИДЕНТ – ЫҚПАЛДЫ ПАРЛАМЕНТ – ЕСЕП БЕРЕТІН ҮКІМЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«Жаңа Қазақстанды құру ісі адал әрі еркін саяси бәсеке болуын қамтамасыз етуден басталады».

(Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауынан, 16.03.2022).



КӨЗҚАРАС

РЕФЕРЕНДУМ – БІРЛІГІМІЗДІ АЙШЫҚТАЙТЫН АЙТУЛЫ САЯСИ ОҚИҒА

ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Конституциялық өзгерістер бойынша референдум өтетін күннің жариялауына байланысты пікір білдірді.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Конституциялық өзгерістер бойынша жалпыұлттық референдум өтетін күнді жариялады. Референдум 5 маусымға белгіленді. Еліміз түбегейлі өзгерістердің алдында тұр. Оның негізгі қозғаушы күші – осы

Конституциялық реформалар болмақ. Бұл реформалардың мәні – еліміздегі демократияны нығайту, азаматтардың мемлекет ісіне араласу мүмкіндігін арттыру. Міне, сондықтан Президентіміз Ата Заңға енгізілген өзгерістерді халықтың талқысына салып,

көпшіліктің шешіміне сүйеніп қабылдауды көздеп отыр.

Бұған дейін айтылғандай, конституциялық өзгерістер аясында суперпрезиденттік басқару моделінен алшақтаймыз. Парламенттің және жергілікті өкілді органдардың ықпалы арта түседі. Құқық қорғау органдарына қатысты да шешуші өзгерістер орын алмақ. Міне, мұның барлығы азаматтардың мүддесінің, құқығының лайықты қорғалуына, олардың үнінің биік мінберлерге кедергісіз жетуіне кепіл болады.

Президентіміз Үндеуінде еліміздің алдында жаңа және әділетті Қазақстан құру міндеті тұрғанын тағы бір мәрте еске салды. Жарияланған конституциялық реформалар осы міндетті табысты жүзеге асыру үшін қажет екенін жеткізді және азаматтарды алдағы референдумға белсенді қатысуға шақырды.

Референдум – бірлігімізді айшықтайтын айтулы саяси оқиға. Азаматтарымыз Мемлекет басшысы айқындаған саяси жаңғыру бастамаларын қолдайды деп сенеміз.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бірлігіміз бекем болсын! Жаңа Қазақстанды құруға бірге атсалысайық» деп жазды Сенат төрағасы Facebook-тегі парақшасында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

КЕРЕК ДЕРЕК

КОНСТИТУЦИЯНЫҢ азаматтар өміріне ӘСЕРІ	
1995	2022
Төк партиялық тізімдер бойынша ғана Парламент Мәжілісінің депутаты бола алады	Төк партиялық тізімдер бойынша да, бір мандатты округ бойынша өзін-өзі ұсыну арқылы да Парламент Мәжілісінің депутаты бола алады
Төк партиялық тізімдер бойынша ғана барлық мәслихаттардың депутаты бола алады	Төк партиялық тізімдер бойынша да, бір мандатты округ бойынша өзін-өзі ұсыну арқылы да мәслихат депутаты бола алады
Саяси партия құру үшін 20 000 қол жинау талап етіледі	Саяси партия құру үшін 5000 қол жинау талап етіледі
Өлім жазасы ең ауыр жазы ретінде заңмен белгіленеді	Өлім жазасына тыйым салынады
Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады	Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі

МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

Аталмыш құжат кім-кімге де еш кедергісіз шеру өткізуге, ниет-пікірін еркін айтуға мүмкіндік беруімен де бағалы. Осылайша билік пен халық арасында диалог алаңының жаңа үрдісі, азаматтық жауапкершілік пен саяси мәдениет қалыптасып келеді. Президентіміз айтқандай, заң бәріне ортақ, оған биліктегі азаматтар да, қоғам белсенділері де бірдей бағынуға тиіс. Сонда ғана мемлекетімізде жүргізіліп жатқан жүйелі саяси өзгерістер жүйесін табады деп сенеміз. Бүкіл құзырет бір қолға жинақталған басқару жүйесі өзінің тиімділігін жоғалтып, құрдымға кете бастаған қазіргі кезеңде бізге ұлттық серпіліс қажет. Әділетті Қазақстанды құру – өз қолымызда. «Реформа жасап жатырмыз деген атақ үшін ғана реформа жасаудың ешкімге қажеті жоқ» деген Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа көпірме сөз емес, бос уәде емес, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын оң өзгерістер қа-

жеттігін ескерткені белгілі. «Біз кез келген мәселені ашық айтып, оны шешудің оңтайлы жолдарын бірге іздеуіміз қажет. Экономикадағы, саясаттағы жасанды монополияларды түбірімен жоюға тиіспіз. Оның орнына ашық әрі әділ бәсеке орнату өте маңызды. Себебі, нағыз бәсеке болғанда ғана халықтың әл-ауқаты артып, жағдайы жақсарады», – деді Президент.

Олай болса, жаңару мен жаңғыру реформаларынан, жалпыхалықтық референдумнан ешкім шеттеп қалмай, әркім Жаңа Қазақстанның дәуірлеуі үшін белсене жұмылғаны керек. Ел тағдыры мен елдіктің абырой-беделі жолындағы аманатқа адалдық – киелі парыз десек, әрбір азамат бұл маңызды мәселеге әлеуметтік жауапкершілікпен қарағаны абзал.

Ж.СЕЙТЖАНОВА,
ХАТУ-дың ассистент-профессоры.

РЕФЕРЕНДУМ2022

Азаматтар ерікті түрде қатысады

ҚР Орталық сайлау комиссиясының өкілі жалпыхалықтық референдумды өткізу тәртібі туралы айтты



Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) төрағасының орынбасары Константин Викторович Петров республикалық референдумға дайындық пен оны өткізу тәртібі «Республикалық референдум туралы» 1995 жылғы 2 қарашадағы Конституциялық заңда көрсетілгенін айтты. ОСК отырысында спикер «Референдумды өткізуге азаматтар ерікті түрде қатысады әрі бұл жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей, тең және тікелей қатысу құқығына негізделеді», – деп атап өтті.

Белгілі болғандай, әкімдіктер дауыс беруге арналған учаскелерді анықтап, референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімін жасауы тиіс. Референдумды әзірлеу мен өткізуді ОСК, аумақтық сайлау комиссиялары мен учаскелік сайлау комиссиялары жүзеге асырады. Орталық референдум комиссиясының қызметін ОСК атқарады.

– Референдумның құрамын, аумақтық және учаскелік комиссияларын жариялау мерзімдері, комиссиялардың орналасқан жері мен жұмыс уақыты туралы мәліметтер референдум тағайындалғаннан кейін 10 күннен кешіктірмей, ал нақты айтқанда, 15 мамырдан кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс. Осы мерзімде әкімдер БАҚ-та референдум учаскелерінің шекаралары туралы ақпараттарды жариялауы тиіс. Үгім Жарлық енгізілген сәтте басталып, 4 маусымда аяқталады. Республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдеріне әкім қол қояды және дауыс беру басталғанға дейін 20 күн бұрын, 15 мамырдан кешіктірмей акт бойынша ұсынылады, – деді Константин Петров.

Орталық сайлау комиссиясының өкілі жалпыхалықтық референдумда дауыс беруге қатысатын шетелдегі қазақстандықтар үшін 51 мемлекетте сайлау учаскелері құрылатынын айтты. «Қазақстанның 51 шет мемлекеттегі өкілдіктері жанынан учаскелер құрылады. Бұл учаскелердегі тізімге сайлау құқығы бар, шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген және Қазақстан азаматы екенін көрсететін төлқұжаттары бар барлық азамат енгізіледі», деді спикер. Оның айтуынша шет мемлекеттерге жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарларға барған қазақстандықтар учаскелік комиссияға жүгінесе және төлқұжаттары болса, тізімге енгізіледі. «СІМ шетелдердегі азаматтарымыздың тізіміне енгізу үшін Қазақстаннан тыс жерлерде орналасқан учаскелік комиссияларға көмек көрсетеді», деп мәлімдеді Петров. Орталық референдум комиссиясының отырысында.

ПІКІР.ТІЛЕК.ҰСЫНЫС

Сәкен МАЙҒАЗИЕВ:



Мемлекет басшысының бастамасын бүкіл халық қолдайды

Мемлекет басшысының Республикалық референдум өткізу туралы бастамасын бүкіл халық қолдап жатыр. Бұл туралы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «МузАРТ» ансамблінің мүшесі, әнші Сәкен Майғазиев айтты.

«Мемлекет басшысының Республикалық референдум өткізу туралы бастамасын бүкіл халық қолдап жатыр. Бұл – бұқара мен биліктің байланысын, бірлігі мен берекесін білдірсе керек. Бір тудың астында баянды да, бақытты ғұмыр кешейік. Мереке құтты болсын!», – деді әнші.

Айта кетейік, бүгін Алматыда Қазақстан халқының бірлігі күніне орай концерт өтті.

Максим СПОТКАЙ:



Маңызы зор, ауқымды мәселе

Өзгерістер Конституцияның 33 бабына әсер етеді. Мемлекет басшысының Конституцияға өзгертулер енгізу туралы ұсынысын Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің мүшесі Максим Споткай қолдады.

Президент бұл маңызды мәселені жалпыхалықтық референдум арқылы шешуді ұсынып отыр.

Спикердің айтуынша, Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жалпыхалықтық референдум өткізу елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформалардың маңызы мен ауқымды екенін тағы бір мәрте көрсетеді.

«Біз 1995 жылғы Конституция қабылданғаннан бергі 27 жылда алғаш рет өткізгелі отырмыз. Конституциялық реформа бір бапқа емес, бүкіл Негізгі заңның үштен біріне қатысты өзгерістерді қарастырады. Сондықтан өзгерістер мен толықтыруларды жалпыхалықтық референдум арқылы жүзеге асыру толық ақталды, – дейді Максим Споткай.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Материалдар Қазақстан Республикасының «Республикалық референдум туралы» Заңының 7-бабының 2-тармағына сәйкес «Алатау Ақпарат» ЖШС-нің тапсырысы бойынша шығарылды. Жауапты тұлға – Т.Р.Данияров. Басылым атауы – «Almaty aqshamy» Таралымы – 4625 «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 5 МАУСЫМДА
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ
ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Конституцияның 91-бабының 1-тармағына және «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізілсін.
2. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы «2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында баяндалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?» деген тұжырымдағы сауал қойылып, республикалық референдумға шығарылсын.

3. Осы Жарлық және «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы 2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялансын.

4. Республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу Референдумның орталық комиссиясының қызметін атқаратын Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік органдарымен және жергілікті атқарушы орган-дарымен бірлесіп, республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

6. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 5 мамыр
№888.

ЖОБА

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ»
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ



1-бап. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 4-баптың 1-тармағындағы «Кеңесінің» деген сөз «Сотының» деген сөзбен ауыстырылсын.

2. 6-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікке де болуы мүмкін».

3. 15-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Елшімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасына тыйым салынады».

4. 23-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Республика Конституциялық Сотының, Жоғарғы Сотының және өзге де соттарының төрағалары мен судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелері, әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері саяси партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемуге тиіс».

5. 24-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп тану туралы сот актісінің негізінде не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі».

6. 42-бапта:
1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Ант беру қаңтардың екінші сәрсенбесінде салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Сот, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ Республиканың экс-Президенттерінің қатысуымен өткізіледі. Конституцияның 48-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған адам Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күнінен бастап бір ай ішінде ант береді»;

2) 5-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын.
7. 43-бап мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:
«3. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде саяси партияда болмауға тиіс.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруға хақысы жоқ».

5. 44-бапта:
1) 2) тармақшадағы «Парламент Сенаты» деген сөздер «Парламент» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3) тармақшадағы «облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жояды не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұрады» деген сөздер алып тасталсын;

3) 4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«4) Парламент Сенатының келісімімен Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындайды; оларды қызметтен босатады»;

4) 7) тармақшадағы «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің» деген сөздер «Жоғары аудиторлық палатаның» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 10-1) тармақшадағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын;

6) 19) тармақшадағы «Хатшысын» деген сөз «кеңесшісін» деген сөзбен ауыстырылсын.

9. 46-баптың 4-тармағы алып тасталсын.

10. 47-бапта:
1) 1-тармақтағы «Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 2-тармақтағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

11. 50-бапта:
1) 2-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сенаттың он депутатын, оның ішінде бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша Республика Президенті тағайындайды»;

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі бойынша, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын тоқсан сегіз депутаттан тұрады».

12. 51-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Мәжілістің депутаттарын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте

сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымы өкілеттігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі».

13. 52-баптың 5-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Парламент Мәжілісінің депутаты:

1) депутат конституциялық заңға сәйкес партиялық тізім негізінде өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған;

2) конституциялық заңға сәйкес партиялық тізім негізінде депутатты сайлаған саяси партия қызметін тоқтатқан;

3) бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты конституциялық заңда айқындалатын тәртіппен сайлаушылар кері шақырып алған кезде өз мандатынан айырылады».

14. 53-бапта:
1) мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) конституциялық заңдарды қабылдайды;

1-2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған конституциялық заңдар немесе конституциялық заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайталап талқылау мен дауысқа салуды жүргізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Парламент әрбір Палата депутаттарының жалпы санының төрттен үштінің көпшілік даусымен Президенттің қарсылықтарын еңсерсе, Президент бір ай ішінде конституциялық заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылықтары еңсерілмесе, конституциялық заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі»;

2) 2) тармақшадағы «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің» деген сөздер «Жоғары аудиторлық палатаның» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 6) тармақшадағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

15. 54-бапта:
1) 1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Парламент Палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі – Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы заңдар қабылдайды, оның ішінде»;

2) 2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайталап талқылау мен дауысқа салуды жүргізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Мәжіліс пен Сенат әрбір Палата депутаттарының жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен Президенттің қарсылықтарын еңсерсе, Президент бір ай ішінде заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығын ең болмаса Палаталардың бірі еңсермесе, заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі».

16. 55-бапта:
1) 2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Республика Президентінің Республика Конституциялық Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Бас Прокурорын, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру»;

2) 3) тармақша «судьяларын» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді» деген сөздермен толықтырылсын.
17. 56-баптың 1-тармағында:
1) 1) тармақшадағы «және осы жобаларды қарау» деген сөздер алып тасталсын;

2) мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:
«3-1) Жоғары аудиторлық палата Төрағасының есебін жылына екі рет тыңдау».

18. 57-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«1) Конституциялық Соттың үш судьясын қызметке тағайындайды;

Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Жоғары аудиторлық палатаның үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды».

19. 58-баптың 3-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) Палаталарға Конституциялық Соттың судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері қызметіне тағайындау үшін кандидатуралар ұсынады».

20. 61-бапта:
1) 2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті қорғауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Республика Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілген заң жобалары Палаталардың бірлескен отырысында Парламенттің дереу қарауына жатады»;

2) 3-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы баптың 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген заң жобалары Парламентке енгізілген жағдайда, Республика Үкіметі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәселелер бойынша заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық актілер қабылдауға өзінің жауапкершілігімен хақылы, олар Парламент қабылдаған заңдар күшіне енгенге дейін немесе Парламент заңдарды қабылдамағанға дейін қолданыста болады»;

3) 4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған заң Сенатқа беріледі, ол онда алпыс күннен асырылмай қаралады.

Мәжіліс заң жобасын депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен тұтастай қабылдамауға хақылы. Бас тартылған заң жобасы қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады.

Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен мақұлдаған заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі. Егер Сенат заңды тұтастай немесе оның жекелеген баптарын мақұлдамаса, онда заң Мәжіліске қайтарылады. Бұл ретте Сенат Мәжіліске заңның жекелеген баптарының редакциясын ұсынуға құқылы.

Егер Сенат алпыс күннің ішінде тиісті шешім қабылдамаған жағдайда, заң Президенттің қол қоюына беріледі.

5. Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен келіссе, Мәжіліс заңды жаңа редакцияда қабылдаған және Сенат мақұлдаған болып есептеледі және он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.

Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына сол келіспен даусыпен қарсылық білдірсе, сондай-ақ егер Сенат заңды тұтастай мақұлдамаған жағдайда, Палаталар арасындағы келіспеушіліктер келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

Заңның келісу комиссиясы тұжырымдаған редакциясы осы баптың 4-тармағында белгіленген тәртіппен Мәжілістің және Сенаттың қарауына жатады.

Мәжіліс келісу комиссиясы ұсынған редакциядағы заңды Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылдамаған жағдайларда, Мәжіліс бұрын қабылданған редакциядағы заң бойынша қайтадан дауысқа салуды жүргізеді.

Егер қайтадан дауысқа салу кезінде Мәжіліс Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен бұрын қабылданған шешімді бекітсе, заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.

Егер заң Мәжіліс депутаттарының көрсетілген көпшілік даусын алмаса, заң қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады»;

4) 5-1-тармақ алып тасталсын.

21. 62-бапта:
1) 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Палаталар депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен заңдарды Мәжіліс қабылдайды, Сенат мақұлдайды.

Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Парламенттің және оның Палаталарының қаулылары Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады»;

2) 6-тармақ «бойынша» деген сөзден кейін «конституциялық заңдардың жобалары бойынша» деген сөздермен толықтырылсын.

22. VI бөлімнің тақырыбындағы «Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын.

23. 71-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«71-бап
1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төрағаны қоса алғанда, он бір судьядан тұрады, олардың өклеттігі алты жылға созылады.

Бір адам Конституциялық Соттың судьясы болып қатарына екі реттен артық тағайындала алмайды.

2. Конституциялық Соттың Төрағасын Парламент Сенатының келісімімен Республика Президенті тағайындайды.

3. Конституциялық Соттың төрт судьясын – Республика Президенті, Конституциялық Соттың үш-үш судьясын тиісінше Сенат пен Мәжіліс тағайындайды.

Республика Президенті Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуымен

Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот судьяларының арасынан тағайындайды.

4. Конституциялық Соттың судьясы қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтен басқа, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен шыйыспайды.

5. Конституциялық Соттың судьяларын өздерінің өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Парламенттің келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

6. Конституциялық Соттың ұйымдастырылуы мен қызметі конституциялық заңмен реттеледі».

7. 72-бапта:
1) 1 және 2-тармақтардағы «Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 3, 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Конституциялық Сот азаматтардың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының норма-тивтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін олардың өтініштері бойынша қарайды.

Азаматтардың Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары конституциялық заңда айқындалады.

4. Конституциялық Сот осы баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін Республика Бас Прокурорының өтініштері бойынша қарайды.

5. Конституциялық Сот Конституцияда бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Республика Конституциясына сәйкестігін Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өтініші бойынша қарайды».

6. 73-бапта:
1) 1 және 2-тармақтардағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Конституциялық Сот өз шешімін конституциялық заңда белгіленген мерзімдерде шығарады».

26. 74-бапта:
1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Конституциялық Сот шешім қабылдаған күннен немесе ол белгілеген күннен бастап конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де құқықтық актілердің, олардың жекелеген ережелерінің күші жойылады және қолданылуға жатпайды»;

2) 3-тармақтағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

27. VII бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«VII бөлім
Соттар және сот төрелігі. Прокуратура. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл».

28. 78-баптағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын.

29. 82-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын Республика Президенті Парламент Сенатының келісімімен бойынша тағайындайды.

5. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі, құрамын қалыптастыру тәртібі және жұмысын ұйымдастыру заңда айқындалады».

6. 83-баптың 4-тармағындағы «заңмен» деген сөздер «конституциялық заңда» деген сөздермен ауыстырылсын.

7. Мынадай мазмұндағы 83-1-баппен толықтырылсын:

«83-1-бап
1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.

2. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді.

3. Қылмыс орнында ұстап алынған немесе ауыр қылмыстар жасаған жағдайлардан басқа кезде, Адам құқықтары жөніндегі уәкілді өз өкілеттігінің мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

4. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы және қызметін ұйымдастыру конституциялық заңда айқындалады».

5. 87-бапта:
1) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін тиісінше облыстың аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттары депутаттарының келісімімен Республика Президенті қызметке тағайындайды.

Республика Президенті дауыс беру жүргізілетін кемінде екі кандидатураны ұсынады. Дауыс беруге қатысқан мәслихат депутаттарының көп дауысын алған кандидат олардың келісімін алды деп есептеледі.

Өзге әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен қызметке тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ қызметінен босатылады. Республика Президенті өзінің ұйғаруы бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметінен босатуға құқылы»;

2) 5-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны қызметінен босату жөнінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдеріне қатысты тиісінше Республика Президентінің не өзге де әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдеріне қатысты жоғары атқарған алдына мәселе қоюға құқылы».

33. 88-баптың 4-



АЛҚАЛЫ ЖИЫН

АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫН ДАМУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

*Мемлекет басшысының төрағалығымен
Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің отырысы өтті*

Күн тәртібінде 3 мәселе қаралды. Олар Алматы агломерациясы мен Су шаруашылығы саласын дамытуға қатысты бағдарлар және «Жаңа экономикалық саясат» мәселесі.

Жиын Алматы агломерациясын дамыту мәселесінен басталды. Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Алматы облысының әкімі Қанат Бозымбаев баяндама жасады. Сондай-ақ, Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Президенттің экономикалық даму мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі, Реформалар жөніндегі жоғары кеңес төрағасының орынбасары Сэр Сума Чакрабарти және Астана халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қайрат Келімбетов өздерінің ұсыныстарын айтты.

СУ МӘСЕЛЕСІ – ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕ

Су шаруашылығы саласын дамытуға қатысты екінші мәселе бойынша Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешов сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы Орталық Азия өңірінде су мәселесі қашанда өте өзекті болғанын атап өтті. Оның айтуынша, қазір бұл саладағы жағдай күрт нашарлап, тіпті, жаһандық мәселеге айналып отыр. Колумбия климаттық мектебіне қарасты Жер жататын қардың көлемі азайып барады. Ғалымдар алдағы жиырма жылда қар бұдан да тез еруі мүмкін деген болжам жасап отыр.

Президенттің айтуынша, сыртқы су ағынының азаюы суды тиімсіз пайдаланудың салдарынан ушыға түсуде. Оның пікірінше, су ресурстары жағдайына мемлекеттік мониторинг жүргізу ісін күшейту қажет. Толыққанды мемлекеттік су кадастрының жоқтығы су ресурстарының мөлшері мен сапасына мониторинг жасауға және экономиканың салаларын сумен қамтамасыз ету жөніндегі нақты теңгерімге қол жеткізуге мүмкіндік бермейді.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев суды пайдалану саласындағы ведомствоаралық үйлестіру жұмыстарының

нашар жүргізіліп жатқанын сынға алды. Мемлекет басшысы су шаруашылығы инфрақұрылымын түрлі мемлекеттік органдар басқаратынын атап өтіп, соның салдарынан су ресурстарына қатысты тиімді саясат жүргізілмей отырғанын айтты. Траншекаралық өзендерде су бөлу мәселесі бойынша Қазақстанның келіссөз жүргізудегі ұстанымының әлсіз екендігін тілге тиек етіп, «ішкі су саясаты мықты болмаса, көрші елдермен тиісті су дипломатиясын құру мүмкін емес», – деді Президент.

«ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ»

Үшінші мәселе бойынша Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Әсет Ергалиев, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы президиумының төрағасы Райымбек Баталов, Президенттің штаттан тыс кеңесшісі Сума Чакрабарти баяндама жасады.

Мемлекет басшысының пікірінше, бұрын-соңды болмаған жаһандық сын-қатерлер жүргізіліп отырған экономикалық саясатты толығымен қайта зерделеуді талап етеді.

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҚОРЫ МЕН «БӘЙТЕРЕК» ХОЛДИНГІНІҢ РӨЛІН АНЫҚТАУ ҚАЖЕТ

Президент әрбір бағыт бойынша іске асырылуға тиіс экономикалық реформалар тізімінің үлгісі және олардың міндеттері мен мақсаттары көрсетілуі керектігін ескертті. «Жаңа жағдайда инновациялық саясат қандай болуға тиіс? Өкінішке қарай, бұл мәселеде нақты ұстаным жоқ. Екіншіден, құжат аясында «Самұрық-Қазына» қоры мен «Бәйтерек» холдингінің рөлін анықтау қажет. Бұлар экономика үшін де, мемлекеттік саясат үшін де өте маңызды субъектілер. Сондықтан олардың жұмысын дұрыс жүргізу арқылы бүкіл экономикалық саясаттың тиімділігін анықтауға болады», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЕСТЕЛІК

ЕЛІНЕ ЕЛЕУЛІ АЗАМАТ ЕДІ *Соғыс ардагері туралы зайыбы Дана апай еске алады*



«Ұлы Жеңіс мерекесі жақындаған сайын сол соғыста ерлік көрсетіп, ел іргесін қорғап қалған менің жолдасым Валиахмет Есовтің жарқын бейнесі көз алдыма келеді. Валиахмет Шәкенұлы 1941–1945 жылдары ұрыс даласында ерлік көрсетіп, I топтағы мүгедек болып оралады. Екеуіміздің таныстығымыз да ойда-жоқта басталды.

Менің жерлес құрбым Валихан еңбек ететін С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік

университетінде шаруашылық жөніндегі бөлімде қызмет істейтін еді. Бірде құрбым мені өзімен бірге еңбек ететін бір жігітпен таныстырды. Осылайша сыйластықпен басталған достығымыз үлкен махаббатқа ұласты. Арамыздағы 16 жас айырмашылықтың өзі біздің адал сезімімізге кері әсерін тигізбей, керісінше сыйластығымызды күшейте түскендей болды.

Көп ұзамай мен Валиханды қарт анаммен таныстырдым. Шағын той өткіздік. Біздің отбасылық өміріміз қиыншылықтарға қарамастан өте бір сыйластықпен басталды. Майдандағы жан жарасына қант диабеті қосылып, денсаулығы сыр бере бастаған еді. Сонда да қабағын шытпай, шыдамдылықпен білдірмеуге тырысушы еді. Уақыт өте оның көзі нашар көретін, аяқ-қолы әзер қимылдайтын болды. Маған енді отбасым үшін еңбек етіп, жұмыстан қол үзбеуге тура келді. Жасы келген анам мен жас баламды Валиханға қалдырып, екі ай бойы Қазақстанның 19 облысын аралап шықтым. Мен ҚазҚұсПром төрағасы А.И.Кочинның орынбасары болдым. Еліміздің құс шаруашылығы туралы деректі фильмдер түсірдік. Көп ұзамай сол кездегі оқу министрі Ш.Шаяхметов арнайы комиссияның шешімімен соғысқа қатысқан жауынгер ретінде менің күйеуіме де екі бөлмелі пәтер берді. Сол пәтерде мен күні бүгінге дейін тұрып жатырмын. Жолдасым Валиахмет 75 жасында өмірден өтіп, Кенсайдағы зираттан мәңгілік орын бұйырды. Биыл Валиахмет тірі болғанда 100-ге толар еді».

Жазып алған Рая ЕСКЕНДІР.

ҚҰРМЕТ



100 ЖАСТАҒЫ ЖАУЫНГЕР

Алматыда Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері, әйгілі Панфилов дивизиясының жауынгері Қайырлы Жоңқабаевтың үйінің ауласында салтанатты шеру өтті.



**Нұржамал
ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ**

Ұлттық ұланның әскери қызметшілері 100 жастағы Қайырлы атаны келе жатқан Жеңіс күнімен құттықтады. Сонымен бірге, ҚР Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы қолбасшының орынбасары, полковник Ниязтай Өлкешев майдангердің кеудесіне «ҚР Құқықтық тәртіп әскеріне 30 жыл» мерекелік медальін тақты. Осыдан соң ардагер үйінің ауласында Ұлттық ұланның 5571 әскери бөлімінің оркестрі соғыс жылдарындағы әскери әндерді орындаса, жас сарбаздар салтанатты маршпен жүріп өтті.

Ал өз кезегінде майдангердің ұлы Еркін Жоңқабаев: «Әкеміз Панфилов дивизиясының соңғы жауынгері. Біз оны мақтан тұтамыз. Ол бізді әрқашан адал болуға, еңбек сүйгіш, Отан сүйгіш болуға тәрбиеледі. Бүгінде оның бес баласы, он немересі мен он бес шөбересі бар. Ол бізге соғыс оңай болмағанын, екі адамға бір винтовка берілгенін айтатын. Әкеміз оған шыдамай, жолдасымен бірге қолдарына пулемет алып, майданның алғы шебінде жасаумен шайқасқан. Сондай-ақ, әкеміз қан майданда жолдастарыңнан айырылған өте ауыр болатынын жеті айттып отырады», – дейді.

Иә, ардагер соғысқа басынан аяғына дейін қатысқан. 8-гвардиялық атқыштар дивизиясы құрамында пулеметші болған, Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллинмен бір ротадан шайқасқан. Беларусь, Польша және Эстонияны азат етуге қатысқан. 1943 жылы ақпанда Ржевтегі қанды майданда ауыр жараланған, жеңісті Дрезденде қарсы алған.

ТҰЛҒАТАНУ

ЖЕҢІС ТУЫН ЖЕЛБІРЕТКЕН

Рейхстагқа тігілген қызыл тудың әлем тарихындағы ең зұлмат соғыстың соңын көрсетіп, қандай қиындықпен келген жеңістің символына айналғаны сөзсіз. Ал бұл туды жаны алқыма таянған соң шегінбей соғысып жатқан фашистердің қаһарына қарамай, оттан да, судан да өтіп, қазақ жігіттің таққанын білесіздер ме? Иә, білесіздер. Рақымжан Қошқарбаевты білмейтін қазақ жоқ шығар.



**Досбол
АТАЖАН**



Тек қазақтың емес, әділдік үшін соғысқан барша әлемнің батырына айналған Рақымжан ағамыз Ақмола облысының Тайтөбе өлкесінде дүниеге келген. Ата-анасынан ерте айырылған ол балалар үйіне түсіп, кейіннен Балқаш қаласындағы Фабрикалық-зауыт училищесіне оқуға түседі. 1942 жылы небәрі 18 жасында Рақымжан Қошқарбаев әскер қатарына алынады. Содан кейін ол Тамбов жалпы жау әскер училищесіне жіберіліп, 1944 жылдың қазанында кіші лейтенант Қошқарбаев майдан шебіне қосылады.

Жас офицер Одерден Рейхстагқа дейінгі шайқастарда бастан-аяқ қатысады. Сөйтіп, соғыстың соңына қарай лейтенант Рақымжан Қошқарбаев 150-ші атқыштар дивизиясының 647-ші атқыштар полкінің барлау взводының командирі болады. Осы

кезде шапшаң әрі көзсіз батыр қазақ жігітінің есімі майдан шебінде аңыздай тарайды.

1945 жылы Кеңес әскерлері Рейхстагқа жақындағанда, Рақымжанды батальон командирі Василий Давыдов шақырып алды. «Рейхстагты көріп тұрсың ба? Қажетті адамдарды таңдап ал, туды сен тігесің», – деп, қолына қара қағазға оралған жалауды ұстатты. «Гиммлердің үйінен» Рейхстагқа дейінгі қашықтық – 360 метр ғана еді, бірақ ол ашық алаң болғандықтан, олар жаудың оғының астында қалды. Лейтенант Қошқарбаев бұл аралықты сарбаздарымен 7 сағатта өтіп, 30 сәуір күні, сағат 18.30-да Рейхстагтың үстіне Жеңіс Туы тігілді.

«Рейхстагқа жақындап қалғанда мен тудың төменгі бір бұрышына аты-жөнімізді – Булатов, Қошқарбаев деп жазып қалдырдым. Жанымда отырған Гриша маған: «Жолдас лейтенант, жазғаның дұрыс болды, алда-жалда бізді өлтіріп кетсе, біздің кім, қайдан екенімізді ешкім білмейді», – деді. Мен оған: «Жоқ, Гриша, өлуге уақытымыз жоқ. Біз қандай жағдай болса да, мына қызыл туды Рейхстагқа жеткізуіміз керек. Және оған ең бірінші болып жетуіміз керек екенін айттым», – деп батыр ағамыз бұл оқиға туралы кейінірек өз естелігінде айтқан.

Жеңіс туы Рейхстагта желбіреп бейбіт күннің таны атқан соң, Кеңес Одағының солақай саясаты жалғасады. Көп жылдар бойы қазақ жігіттің ерлігі өзгелердің атына жазылып жүрді. Дегенмен, тарих бәрін өз орнына қойып, әділ баға беретіні сөзсіз. Қазақ батырының нағыз жеңіс туын бәрінен бұрын тіккені бүгінде әбден дәлелденді. Рақымжан Қошқарбаевқа 1999 жылы тәуелсіз еліміздің «Халық қаһарманы» атағы берілді.

«Әкем ішіндегісін сездірмейтін, тіпті кейде ерлігінің мойындалғаны немесе мойындалмағаны оған бәрібір секілді көрінетін. Еш уақытта «мен ерлік жасадым» деп кеудесін ұрмаған адам. Жақсы әке, жақсы жар, жақсы дос бола білді... Өмірді өте қатты жақсы көретін. Достары көп болатын, күнде үйге қонақ келуші еді», – дейді қызы Әлия.





ҚҰРМЕТ

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЫЗҒЫМАС ТҰҒЫРЫ

Ұрпақтар сабақтастығы үзіліп көрмеген біздің қоғамда Отан үшін от кешіп, ел үшін кеудесін оққа тосқан ерлеріміздің, бүгінгі күннің батырларының өмірі кейінгі буынға үнемі үлгі-өнеге болып келеді. Біз оларға мәңгілік қарыздармыз, әрдайым бас иіп, тағзым етеміз. Ардагерлерге қамқорлық көрсету – қастерлі борышымыз. Биыл да әдеттегідей Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күні қарсаңында Елордадан бастап, әр өңірде, әр қалада ерлік пен өрлікті, елдікті ұлықтаған түрлі игі шаралар өтіп жатыр.

Елордада Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік наградалар, жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер беру рәсіміне қатысып, салтанатты рәсімге жиналғандарды Отан қорғаушы күнімен және Жеңіс мейрамымен құттықтады. Мемлекет басшысы еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіндегі Қарулы Күштеріміздің әр саласында қызметте жүрген құрлықта – құрыштай, аспанда – айбарлы, теңізде – тегеурінді әскери қызметшілер мен арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің үлесін ерекше атап өтті.

Заманауи армия мемлекет қорғаны

Президент жақсы жабдықталған заманауи армия мемлекеттігіміздің берік қорғаны екенін айтты.

– Геосаяси тұрақсыздық, жаңа сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлер жағдайында біз ұлттық мүддемізді қорғауға, мемлекетіміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтауға дайын болуымыз керек. Сондықтан қорғаныс әлеуетін нығайту әрдайым біздің маңызды басымдығымыз болады, – деген Мемлекет басшысы күштік органдарда қызмет етудің абыройлы миссия және үлкен жауапкершілік екенін атап өтті. Оның айтуынша, Қазақстан Қарулы Күштерінің сарбаздары мен сардарлары өздерінің ептіліктері мен қабілеттерін тұрақты түрде шыңдай отырып, озық жауынгерлік шеберліктерін көрсетіп келеді.

Президент Екінші дүниежүзілік соғыста 500-ге жуық жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атанғанын, бірақ көптеген майдангеріміздің ерліктері түрлі себептерге байланысты елеусіз қалғанын еске салды. Жиынға қатысушы офицерлерге аты аңызға айналған үш ержүрек жауынгердің ерен ерлігі туралы айтты. Бұл майдангерлерге қаза болғаннан кейін «Халық Қаһарманы» атағы берілді.

– Біріншісі – атақты мерген Төлеуғали Әбдібеков. Ол бір өзі майдан даласында 397 жаудың көзін жойған. Бұл ерлік тиісті құжаттармен дәлелденген. Қазақтың қаһарман ұлы қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған. Бірақ ерлігі ескерусіз қалды. Капитан Александр Несмиянов та ерекше ерлік пен қаһармандық көрсетті. Ол бораған оққа қарамастан, орда бекінген бүкіл батальонды өзімен бірге шабуылға көтерді. Жау қорғанысын бірінші болып бұзған Несмиянов жаудың 20 жауынгерімен жалғыз алысып, 13-інің көзін жойған. Қалғанын бас сауғалауға мәжбүр еткен. Кезекті ұрыста ол жау шебінің тылына өтіп, басты қауіпті өзіне бұрды, сөйтіп жаудың қорғаныс шебін серіктерінің бұзып өтуіне мүмкіндік жасады. Ал романың екі командирі жараланған соң, басшылықты өз қолына алды. Александр Несмиянов үш рет Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылды, бірақ әр кез оған әділетсіздік жасалып, елеусіз қалды. Жерлесіміз Ыбырайым Сүлейменов те құралайды көзге атқан нағыз мерген болған. Ол бір жылдың ішінде 289 жау әскерін жойды. Бұл ерлік те тарихи деректерде көрсетілген. Қазақтың қаһарман қызы Мәнишук Мәметова екеуі соңғы демі қалғаныша жаумен арпалысып, қаза тапты. Батыр атағына екеуі қатар ұсынылғанымен, Ыбырайым Сүлейменовтің ерлігі жоғары деңгейде бағаланбады, – деді Президент.

МАРАПАТ

«Біз Сізге сенеміз!»



Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты іс-шараға қатысқан Төлеуғали Әбдібеков пен Ыбырайым Сүлейменовтің туыстарына Халық Қаһарманының ерекшелік белгісі «Алтын жұлдыз» бен «Отан» орденін табыстады. Ал Александр Несмияновтың наградасы музей төрінен орын алады.

Төлеуғали Әбдібековтің туысы Айгүл Кемелбаева Қасым-Жомарт Тоқаевқа және даңқты атасының атын мәңгі есте сақтауға атсалысқан жауапты тұлғалардың бәріне алғысын айтты. Ыбырайым Сүлейменовтің қарындасы Айткүл Сүлейменова Мемлекет басшысына шын жүректен алғыс білдірді. Сондай-ақ, Президентке зор денсаулық тілеп, Жаңа Қазақстанды құру ісінде табысқа жетуіне ниеттестік білдірді және сөзін «Біз Сізге сенеміз», – деп аяқтады.

– Бұл – шын мәнінде, тарихи әділдіктің салтанат құруы. Біз ерлеріміздің есімін жаңғыртып, оларды ұлықтай беретін боламыз. Өйткені, ерлік ешқашан ескірмейді. Майдангер аға буын кейінгі ұрпаққа әрдайым үлгі-өнеге, – деді Мемлекет басшысы.

Сөзінің соңында Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекетіміздің тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғап жүрген еліміздің барша азаматына алғыс айтты. Бұдан кейін Президент мемлекеттік наградаларды табыстап, офицерлерге әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Мемлекет басшысы күштік органдарда қызмет етудің абыройлы миссия және үлкен жауапкершілік екенін атап өтті. Оның айтуынша, Қазақстан Қарулы Күштерінің сарбаздары мен сардарлары өздерінің ептіліктері мен қабілеттерін тұрақты түрде шыңдай отырып, озық жауынгерлік шеберліктерін көрсетіп келеді.



ТАНЫМ

Қан майданның аяқталғанына, міне, 77 жыл толғанымен оның ызғары әлі де болса сезіледі. Бір Қазақстанның өзінен бір жарым миллионға жуық адам Ұлы Отан соғысы жылдарында Отан үшін шайқасқа аттанды, оның 600 мыңнан астамы қаза тапты. Олардың ерлігі келешек ұрпақтың мәңгі есінде қалуы үшін жер-жерде тарихи орындар салынып, ескерткіштер қойылды. Алматының өзінде 8 ескерткіш болса, оның 7-еуі республикалық маңызы бар нысандар. Жеңіс күніне орай қаламыздағы еске алу орындарына шолу жасадық.



Динара
МҰРАТ

28 гвардиялық-панфиловшылар атындағы саябақ

Алматыдағы 28 гвардиялық-панфиловшылар атындағы саябақ қазақстандықтардың ерлігін еске салатын мегаполистің ең көрнекті орны саналады. Саябаққа бұл атау Мәскеуді қорғау кезінде Ұлы Отан соғысы жылдарында 316-шы атқыштар дивизиясының 1075-полкінің 28 жауынгерінің жасаған ерлігін есте сақтау мақсатында берілген.

Саябақтағы Мәңгілік алау Даңқ мемориалы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 30 жылдығына орай 1975 жылы 8 мамырда ашылды.

Жалпы, саябақ атауы бірнеше рет өзгертілген. Саябақ Верный қаласының құрылысы жылдарында қорымдар (1921 жылы болған селден қорымдар жойылған) орнына салынған. 1887 жылдың 28 мамырында болған жер сілкінісі кезінде қаза тапқандардың бауырлас бейіті де жоғалған. 1899 жылы А.С.Пушкиннің 100 жасқа толуына орай саябақ «Пушкин саябағы» атауына ие болды. Саябақ көріктендіріліп, мамыр гүлдері отырғызылды, күркелер мен отыратын орындар тұрғызылды. Шығыс бөлігі – шіркеу алаңында (немесе Гефсиман бағы) Түркістан шіркеуі салынды.

Бүгінде саябақтың шығыс бөлігінде Ықылас атындағы халық аспаптарының мұражайы, Әскерлер үйі, Интерна-

ционалист жауынгерлер ескерткіші және Мәңгілік алауы бар Даңқ мемориалы орналасқан.

Мемориалдың ортасында ерліктің белгісі болып Мәскеуді ерлікпен қорғаған батыр-панфиловшылар бейнеленген. Оның алдында мәңгілік алау тұр. 2010 жылы саябақтың солтүстік жағында Кеңес Одағының Батыры, панфиловшы, Мәскеу шайқасына қатысушы Бауыржан Момышұлының монументі орнатылды. Ол Панфилов дивизиясында Талғар атқыштар полкінің 1073-батальонына басшылық етті.

Саябаққа Оңтүстік жақтан кірген жерге 316-шы атқыштар дивизиясының командирі, Кеңес Одағының Баты-

ры, генерал-майор Иван Панфиловтың бюсті қойылған. Аты аңызға айналған командир 1941 жылы 18 қарашада Мәскеу маңындағы Гусенево ауылында ерлікпен қаза тапқан.

Генерал Панфилов ескерткішінен кейін бірден батыр-панфиловшылар аллеясы басталады. Ол саябақ аумағында Қазыбек би көшесінен Гоголь көшесіне дейін жалғасады. Оның бойында екі жағында 28 панфиловшы батырлардың есімі жазылған гранит тұғырлар орнатылған.

1993 жылы 28 гвардиялық-панфиловшылар атындағы саябақ Алматы мемлекеттік тарихи-сәулет және мемориалдық қорығының құрамына енді.

МӘНГІЛІК АЛАУ ДАҢҚ МЕМОРИАЛЫ

Жеңістің 30 жылдығына орай 1975 жылы 8 мамырда ашылған



«Отан ұлдарына мәңгілік естелік» мемориалы

«Отан ұлдарына мәңгілік естелік» мемориалы Алматы қаласының Алатау ауданындағы Қарасу кентінде орналасқан. Оның ортасында сол қолында ППШ автоматы бар қазақстандық солдаттың мүсіні орналасқан кешен бар. Сол жақта, гранит плитасына Ұлы Отан соғысы жылдары және майданда қаза тапқан 96 қазақстандықтың фамилиясы жазылған.



«Отан үшін шайқаста қаза тапқан батырларға мәңгілік даңқ» мемориалы

Ұлы Отан соғысын еске түсіретін бұл өте маңызды ескерткішті қала тұрғындары біле бермейді. Оған ескерткіштің орналасқан жері себеп болып отыр. Ол Райымбек даңғылындағы орталық зираттың орталық аллеясында орналасқан.

Ескерткіштің тарихы 1976 жылдан басталады. Ол жерге Алматы госпиталінде майданда алған жарақатынан қайтыс болған 560 жауынгер жерленген.



Жамбыл ескерткіші

1996 жылы тұрғызылған Достық даңғылында Қабанбай батыр көшесінен жоғары орналасқан Жамбыл Жабаев ескерткіші бір қарағанда Ұлы Отан соғысын еске түсірмеуі мүмкін. Алайда, мамыр мерекесінде оның жанына жыл сайын қала тұрғындары гүл шоқтарын қояды. Осылайша олар «Ленинградтық өренім! өлеңін жазған ақынға құрмет көрсетеді.

Шығарма 1941 жылдың қыркүйегінде жарық көрген.



Әлия мен Мәншүк ескерткіші

Екі қазақстандық, Кеңес Одағының Батырлары, пулеметші Мәншүк Мәметова мен мерген Әлия Молдағұловаға ескерткіш 1997 жылы мегаполистің қақ ортасында, Астана алаңының алдына орнатылды.

Әскери киім киген қыздардың мүсіні қара және сұр граниттен жасалған. Мүсінші Сатыбалдин қос қыздан бөлек, ескерткішке Жер ғаламшары мен бейбітшіліктің символы көгершіндерді ұшырып тұрған сәбилерді де қосқан. Бұл жер бетінде мәңгі тыныш болсын деген ниеттен туған.





● ТҰЛҒАТАНУ

«1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі мен қаһармандығы үшін жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Халық қаһарманы» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз бен «Отан» ордені тапсырылсын», – делінген Жарлықта.

ОЛАР:

ӘБДІБЕКОВ Төлеуғали Насырханұлы (марқұм) – 8-ші гвардиялық Қызылтулы атқыштар дивизиясы 302-ші гвардия атқыштар полкі 2-ші атқыштар ротасының мергені.

НЕСМИЯНОВ Александр Александрович (марқұм) – 126-шы Горловка Қызылтулы атқыштар дивизиясы 690-шы атқыштар полкі 1-ші атқыштар батальонының командирі.

СҮЛЕЙМЕНОВ Ыбырайым (марқұм) – 100-ші бөлек атқыштар бригадасы атқыштар батальоны 2-ші бөлімшесінің мерген-бақылаушысы.

ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНДАРЫ

Президент Жарлығымен Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен үш майдангер марапатталды



ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

- 1990 жылы 11 желтоқсанда соңғы Кеңес Одағының Батыры атағы панфиловшы, полковник Бауыржан Момышұлына берілді.
- Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің ішінде қазақстандық Рақымжан Қошқарбаев, капитан Борис Чупрета, минометші А.Бактыгереев, пулеметші П.Е.Вицько, байланысшы К.М.Волочаев бар.
- Рақымжан Қошқарбаев Рейхстагқа Жеңіс туын тіккені үшін “Жауынгерлік Қызыл ту” орденінің иегері атанды. 2001 жылы оған “Халық қаһарманы” атағы берілді.



Төлеуғали Әбдібеков

1932 жылы туған-туыстарының шақыруымен Төлеуғали Оңтүстік Қазақстанның «Пахта-Арал» совхозына қоныс аударған, ол жақта мақташы болып жұмыс істеген. Сол жерде жүрген кезінде Қызыл әскерге шақырылып, Хабар өлкесінде әскерде қызмет еткен. Әскери қызметі аяқталған соң, Төлеуғали туған совхозына келіп, мақташылар бригадасын басқарған. 1942 жылдың мамырында Шымкент облысынан әскерге жаңа шақырылған топпен бірге Төлеуғали Калинин фронтына жеткен. Мерген атанған. 1942 жылғы 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының әскери әрекетінің қысқаша есебінде, дивизия мергендерінің екінші слетінде, 1942 жылдың желтоқсанында аға сержант Әбдібеков 219 фашистің көзін жойып үлгергені айтылған. 1944 жылдың 22 ақпанында Әбдібеков пен неміс мергені арасында соңғы шайқас болды. Әбдібековке суық тиіп

қалған болатын, сондықтан ол өзін жайсыз сезінген, ал неміс мергені оны көріп қалып, бірінші болып атып тастаған. Әбдібеков мойнынан ауыр жарақат алып, жауап ретінде атып қалғанда, неміс мергеніне ажал құштырған. Бұл – ол көзін жойған ең соңғы дұшпан еді. 23 ақпанда Әбдібеков сол күйі беті бері қарамай, алған жарақатынан 6-медициналық-санитарлық батальонында қайтыс болып, дәл бір ай бұрын көз жұмған досы Григорий Постолюковтың жанына, Калинин облысының (қазіргі Псков облысы) Насва Новоскольник ауданына жерленген. Соғыстан кейін Псков облысының Монаково ауылындағы бауырлас әскери бейітке қайтадан жерленген.

Соғыста көрсеткен ерлігі үшін Әбдібеков Төлеуғали Насырханұлы «Қызыл Жұлдыз», «Қызыл белгі» ордендерімен, қайтыс болғаннан кейін «Отан соғысының» I дәрежелі ордені-

мен және «Ленин» орденімен марапатталған. Қолбасшылар оны Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынған жоқ, өйткені Төлеуғали биографиялық анкетасына атасы Кемелбайдың қуғын-сүргінге ұшырағанын жазырмай ашық жазған еді. Төлеуғалиға деген сенімсіздік пен күдік анкетамен бірге жүріп, жанға жара салды...

Қаһарман-жауынгер Әбдібеков өз Отанын айрықша сүйген, өмірінің соңына дейін әскери антқа адал болып, гвардияшы-панфиловшы лауазымын қадір тұтқан. 1942 жылдың қарашасында әскери достарының алдында өз өмірінің мақсаты туралы былай деп айтқан: «Мен – Гвардияшымын. Бұл – мен үшін үлкен мәртебе. Мен Гвардия туын сүйіп, осы тудың астында соңғы демім қалғанша, жеңіске жеткенше 28 гвардияшы-қаһарман қалай күрессе, дәл солай дұшпанмен арпалысамын деп ант етемін».



Александр Несмиянов

Қызыл Армия қатарына 1934 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Зырян ауданы (қазіргі Катонқарағай ауданы), Зырян әскери комиссариаты арқылы шақырылған.

1942 жылы майданда көрсеткен ерлігі үшін «Сталинградты қорғағаны үшін» медалімен марапатталған. 1943 жылы 3 қарашада Қырым үшін болған шайқастарда жау оқтары астында майор Несмиянов өзінің батальонын шабуылға шығарған. 2 автомат, бес 82 мм миномет және жаудың 150-ден астам солдатты мен офицерін жойды. Алдымен оқпанға енген майор Несмиянов автоматтан 13 немісті жойып, қалғандарын оққа ұшырған.

1943 жылы 7 қарашада Александр Несмиянов ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағына берілді. 1944 жылы 8 сәуірде Армянск ауданында үш қорған маңында жаудың қатты бекінген қорғанысын бұзып өту кезінде Несмиянов батальоны жауды айналып өтіп, оған тылдан шабуыл жасап, негізгі сокқыны басқа жаққа бұрып, көрші батальонға бекініс шебін бұзып өтуге мүмкіндік берді.

Несмиянов Александр Александрович – майор, 126-атқыштар дивизиясының 690-шы атқыштар полкінің батальон командирі, Ұлы Отан соғысының ардагері.

Ол 1912 жылы Малай-Сосновка, Чарыш ауданы, Алтай өлкесінде дүниеге келген.

Сәтсіз қалған рота командирлерін алмастырған майор Несмиянов 14,9 басым биіктікке шабуылды басқарып, сол уақытта ауыр жараланды. Бірақ майдан даласынан кетпей, жаудың 12 танкісінің қарсы шабуылына қорғаныс ұйымдастырды. 3 танкті жойып, Несмиянов батальоны Армянскіге басып кіріп, оны басқыншылардан тазартты.

1944 жылы 9 қазанда Юра өзенінің жағасында Несмиянов жауынгерлерді шабуылға бастап, таң атқанша жауды бекініс аймағынан қуып шықты. Батальон бірінші болып Шығыс Пруссия шекарасынан өтіп, Шамай Кемен станциясын қайтарып алды. Бұл ретте екі эшелон, мүлкі бар 300-ден астам көлік алынды. Несмиянов 32 тұтқын мен 7 көлікті өзі қолға түсірді. 1944 жылы 11 қазанда Өгелы ауданында Несмиянов батальоны жаудың 28 атыс нүктесін жойды.

1944 жылы 4 қазанда Кеңес Одағының Батыры атағына тағы ұсынылды. «Кутузов» (1943), «Қызыл Ту» (1944), «Александр Невский» (1944) ордендерімен марапатталған.

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ДЕРЕКТЕРІ

(1939 жс. 1 қыркүйек – 1945 жс. 2 қыркүйек)

- 64 мемлекет, 1 млрд 700 млн адам қатысқан. Бұл Жер тұрғындарының төрттен үш бөлігі тартылған деген сөз.
- 110 млн адам қолға қару ұстаған. Бұл Бірінші дүниежүзілік соғысқа қарағанда 40 млн адамға артық.
- Соғыста қаза болғандардың жалпы саны 50 млн-ға жуық адам, (бұл Бірінші дүниежүзілік соғыстан 5 есе көп).
- Кеңес Одағы 26 млн-нан астам адамынан айырылды (кейбір деректерде – 30 млн).

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

- Ұлы Отан соғысы жылдары 3500 қазақстандық партизан отрядтары қатарында болды. Олар Украина мен Беларусь елдерінің батыс аудандарында, Молдавия мен Балтық жағалауларында фашистік Германияға қарсы соғысты.
- Днепр үшін шайқаста 18 жастағы Жәнібек Елеусізов қазақтар арасындағы ең жас «Кеңес Одағының батыры» атанды.
- Соғыс жылдары қорғаныс өнеркәсібі үшін Қазақстан металлургия кәсіпорының еңбек етті. Өндірілген 100 т молибденнің 60 тоннасын Шығыс Қоңырат руднигі өндірілді. Қазақстан соғыс жылдары Одақ бойынша өндірілген барлық қорғасынның 85%-ын, полиметалдың – 70%-ын, висмуттің – 50%, вольфрамның 20%-ын өндірілді.

- Қазақстан КСРО-ның негізгі әскери-өнеркәсіп базасына айналды. 1942 жылы Одақта өндірілген қорғасынның 85%-ын, көмірден 18%-ын, молибденнің 60%-ын, октанды мұнайдың 1 миллион тоннаға жуығын берді. Сондай-ақ, мыс құймасының 30 пайызын, марганец кенінің 60 пайызын, мыс кенінің 50 пайызын, металл висмуттың 65 пайызын, полиметалл кендерінің 70 пайызын, мырыш өнімінің 85 пайызын өндірілді. Ал соғыста атылған әрбір 10 оқтың тоғызы Шымкент қорғасын зауытында құйылғаны ел арасында аңыз болып тарады.
- Соғыс жылдары Қазақстанда танктер мен ұшақтар құрылысы үшін ақша жинау қозғалысы басталды. 1942 жылы Қазақстан комсомолдарынан 45 жаңа танк майдан даласына аттанды.
- 1942-1943 жылдары халық қаражатынан соғыс шебіне 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилья, катерлер мен атаулы ұшақтар жіберілді. Даңқты балуан Қажымұқан Мұңайтпасұлы 100 мың сомға ұшақ сатып алып, майдан шебіне жіберген.
- Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстан халқы 480,3 млн рубль жинап берген.



Ыбырайым Сүлейменов

Аты аңызға айналған мерген Ыбырайым Сүлейменовтің есімі көпке белгілі. Ол өмірге 1911 жылы келген. Оның әскери атағы – старшина, 100-жеке атқыштар бригадасының 2-жеке атқыштар батальонының снайпер-бақылаушысы. Әскер қатарына 1942 жылдың қараша айынан бастап келді.

Бір жылдың ішінде, 1943 жылдың қараша айына дейін ол жаудың 239 жауынгері мен офицерін жойды. Сол жылдың 16 қарашасында Невел қаласынан батысқа қарай, Изоча станциясында 173,3 биіктікте үлкен қақтығыс болған. Биіктіктің сол қапталында аты аңызға айналған батыр Мәншүк Мәметова пулеметтен оқ атқан.

Ал Ыбырайым Сүлейменов оң жақта үш окопка ие болған. Ол екі шеткі орындарға винтовкалар, ал ортаңғы орынға автомат пен екі граната қалдырды. Жаудың бірде-бір солдаттың оның қырағы көзі таса қалдырмаған. Мергендік танытқан ол дұшпанның екі шабуылын қайтарды.

Сол шайқаста Ыбырайым 12 фашисті құлатты. Бірақ бұл уақытта біздің жаяу әскердің оқ-дәрісі таусылған соң, жауынгерлер шегінуге мәжбүр болды. Кешке биіктікте тек Мәншүк Мәметова мен Ыбырайым Сүлейменов қалды. Олардың екеуі өз өміріне қауіп төнгеніне қарамай, жолдастарының шегінуін қамтамасыз етті. Ұрыс кезінде Мәншүк пулеметінің даусы үнсіз қалды. Арғы шеттен құтқаруға келіп қалған жауынгерлердің «ура» деген даусы естілді. Сол кезде оқ-дәрісі таусылған старшина ұрысқа шықты... Осы сәтте оған жаудың оғы тиді.

Ал Ыбырайымның екі траншеясынан бірде-бір оқ табылмады. Үшінші траншеядағы винтовканы тауып, жауға қарай бағыттады. Осылайша Ыбырайым Сүлейменов өзінің есебін 289 адамға жеткізді. Сөйтіп, нағыз қаһарман соңғы тынысы қалғанша күресіп, қаза тапты. Осы шайқас үшін Мәншүк Мәметова мен Ыбырайым Сүлейменов кейіннен Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылды. Армия мен майдан осы ұсынысты бекітті. Соңғы сөз тек Мәскеу тарапынан қалған. Ол кезде қаһармандар атағы үкіметте бекітілетін еді. Бірақ Мәскеу басқаша шешім қабылдады. Мәншүк Мәметоваға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ал Ыбырайым Сүлейменов «Ленин» орденімен марапатталды.

Әзірлеген
Айжан БҮРКІТБАЕВА.

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

**Тамара ШӘКІРОВА,
Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы:**

«АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАҒАН ЕЛМІЗ»

Ұлы Отан соғысында ерен ерлік көрсеткен ардагерлеріміздің қатары уақыт өткен сайын сиреп бара жатқаны жанымызды жабырқатады. Ерлігі мен өрлігі тарих бетінде мәңгілік жылнамаға айналған жандар қаламыздың Жетісу ауданында да тұрып жатыр. Біз Жетісу ауданы Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара ШӘКІРОВАҒА жолығып, аудан ардагерлерінің бүтінгі тіршілігі жайында сөз қозғаған едік.



– Тамара Мұхтарханқызы, алдымен Жетісу ауданының ардагерлері туралы айтып өтсеңіз... Бүгінде аудан көлемінде қанша соғыс ардагері тұрып жатыр?

– Бүгінгі таңда Алматы қаласында Ұлы Отан соғысының 77 ардагері тұрып жатыр. Олардың қатарының жыл санап азайып бара жатқаны менің де көңілімді құлазытады. Мәселен, біздің Жетісу ауданында қазіргі кезде тұрып жатқан 2 соғыс ардагерінің бірінің жасы 100-ден, екінші ардагеріміздің жасы 95-тен асқан кісілер. Осыдан екі жарым жыл бұрын аудандық Ардагерлер кеңесіне келгенімде 20 соғыс ардагері бар еді. Көріңіз ба, аз ғана уақыттың ішінде олардың көбі өмірден өтіп кетті. Қазіргі кезде ауданымыздағы тыл ардагерінің де қатары сиреп, 706 тыл ардагері қалды. Кезінде жауды жеңіп, жеңісті жақындату үшін тыл ардагерлерінің де зор үлес қосқаны белгілі. Олар қаншама қиындықты бастан кешсе де, мемлекетіміздің нығаюына да үлестерін қосып, аянбай еңбек етті. Сол кісілердің зейнетақысына тыл ардагері ретінде небәрі 6 жарым мың теңге ғана қосылады. Азық-түлік, дәрі-дәрмектің бағасы удай болып тұрғанда аз ғана ақшаға не алуға болады? Менің жаным осыған ауырады. Сондықтан Ардагерлер кеңесінің төрайымы ретінде тыл ардагерлеріне де арнайы мәртебе берілсе деймін. Сонымен қатар, 1938 жылға дейін туған адамдарға тыл ардагері,

1945 жылға дейінгі туған адамдарға «Соғыс жылында туған балалар» мәртебесі берілсе дейміз. Кезінде «Ардагерлер туралы Заң» қабылданған кезде біз де өз тарапымыздан өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, ұсынысымызды жолдаған едік. Бірақ неге екенін қайда, біздің ұсыныстарымыз енгізілмей қалыпты. Соған қарамастан әлі де өз ұсынысымызды айтып жатқан жайымыз бар.

– Аудандағы патриоттық тәрбие жұмыстары қалай жүзеге асып жатыр?

– «Тарих тұңғыш тереңде» демекші, біз аға ұрпақтың ерлігін жатқа білеміз. Енді сол ерлікті жастарға біз айтпағанда кім айтады? Өз басым ұзақ жыл білім саласында еңбек еткен жанмын. Менің бір байқағаным, қазіргі кезде көбіне мектептердің рейтингіне көңіл бөліп, тәрбиеге мән бермей жатқандаймыз. Осындай олқылықтың орнын толтыру мақсатында Қаңтар оқиғасынан соң біздің ауданның ардагерлері бас қосып, 26 қаңтарда пленум өткіздік. Сол кезде белсенділеріміз игі істерді насихаттау керек екенін баса айтты. Қазіргі кезде жас ұрпақтарды отансүйгіштікке баулу бағытында жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Ең бастысы, мұндай жұмыстар науқандық сипат алмай, жүйелі түрде жүргізілуі керек. Біздің Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің 8 комиссиясы тұрақты жұмыс жүргізіп келеді. Олар аудандағы ардагерлеріміз бен зейнеткерлеріміздің

тізімін алып, олардың жағдайын бақылап отырады. Барлығы да жұмысты жалақы алмай, тегін атқарып жатыр. Мұның өзі жастарға үлгі болар іс. Осындайда өз жұмысын адал атқарып жатқан жандарға, сондай-ақ басқа да белсенді зейнеткерлерімізге шипажайларға жолдамалар берілсе, олардың жұмысқа деген қызығушылығы оянып, ынтасы артар еді. Алматыдағы 250 мың зейнеткердің 21 896-сы біздің ауданның тұрғындары. Олардың арасында да көмекке мұқтаж, жалғыздіктің жандар бар. Осындай жандардың да бір мезгіл денсаулықтарын нығайтып, ем алғандары дұрыс болар еді.

– Жыл сайын Ардагерлер кеңесі зираттарды ретке келтіруге де қолұшын беріп жатушы еді. Биыл да бұл жұмыс жалғасын тапты ма?

– Әрине, қазақта «Өлі риза болмай, тірі байымас» деген есті сөз бар. Біздің аудандағы зираттарды ретке келтіру жұмысы үрдіске айналып кетті десе де болады. Ол зираттарда ұлтымыздың ғұламалары жатыр. Соғыс ардагерлері, тек белгілі адамдар ғана емес, сонында іздеушісі жоқ жандар да сол зираттарда жатыр. Біз арнайы комиссиямен барып аралағанда, талай зираттың бүлінгенін байқадық. Былтыр «Бюджетке қатысу» жобасының аясында 500 миллион теңге бөлініп, бүлінген зираттарға жөндеу жұмыстары жүргізілді.

– Ауданның қарияларына қолдау көрсетіп, көмектесетін демеушілер туралы да айта отырсыңыз...

– Ең басты демеушіміз – мемлекетіміз екені белгілі. Ардагерлерін ардақтаған ел емеспіз бе? Мемлекет тарапынан әркез көмек көрсетіліп отырады. Биылғы Жеңістің 77 жылдығына орай, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне 1 млн көлемінде бірреттік төлем, соғыс ардагерлерімен теңестірілген тұлғаларға 100 мың теңгеден, тыл ардагерлеріне 50 мың теңгеден қаржылай көмек көрсетіліп жатыр. Дегенмен, қазіргі кезде «демеуші болып, көмек көрсетсем» деп құлшынып тұрған жеке кәсіпкерлерді табу деген қиын боп кетті ғой. Соған қарамастан Айнуар Аралбайқызы, Борис Исламов, Ералы Есіркепұлы, Ержан Кембаев, Майра Мәжитқызы, Бексұлтанов, Рахман Темірбеков сынды азаматтардың адамгершілігіне, көрсеткен көмектеріне ризашылығымыз білдіргім келеді. Ауданымыздағы бірер кәсіпорын ардагерлеріміздің тізімін алып, азық-түлік себетін, азық-кепіт көмегімізді көрсетеміз деп отыр. Мұндайда қолдау білдіріп жатқан кісілерге ардагерлердің алғысынан артық не бар?

Мәселен, аудан тұрғыны Филипп Губановтың 100 жылдық мерейтойын керемет етіп атап өтті. Өмір жолын қамтыған фильм жасадық. Аудандық ардагерлердің хор ұжымы өнер көрсетті. Осылайша қарияның аз да болса көңілін көтердік. Жакында Айтқұлова Қантай апамыз 95-ке, «Кемелде» тұратын, кезінде медбике болған Валентина Яковлева деген апамыз 100-ге толды. Осы кісілерге арнайы барып, құттықтап қайттық. Жеңіс күні мерекесімен ауданымыздағы соғыс ардагерлері мен еңбек ардагерлерін міндетті түрде құттықтаймыз. Бейбіт күніміз сол кісілердің арқасында емес пе? Ауданда өткен пленум аясында ұмыт қалған ардагерлерімізге іздеу жариялап жатырмыз. Сәтін салса, жақсы бір естелік кітап шығаруды жоспарлап отырмыз. Ең бастысы, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын дейік!

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Рая ЕСКЕНДІР.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖӘНЕ АЛМАТЫ

- Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін 497 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын алған. Оның 97-сі қазақтар. Ал Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын алды. И.Н.Кожедуб болса Кеңес Одағының үш мәрте батыры атанды.
- 142 қазақстандық жауынгер Солдат ерлігі орденінің иегері болды. Ал жалпы алғанда, 96638 қазақстандық сарбаз Кеңес Одағының орден, медальдарымен марапатталды.

- 1942 жылы 20 қаңтардан қалаға көшіріліп әкелінген зауыттың 164 жабдығы тиісті орындарға тиянақты орналастырылып, 1942 жылдың наурыз айынан бастап зауыт өз өнімдерін майданға бере бастады.
- Соғыс самолеттері үшін агрегаттар шығаратын Москваның авиация жасау зауыты аса қысқа мерзімде қалпына келтірілді.
- Алматыға көшіріліп әкелінген зауыттардың бірі Ворошиловоград қаласындағы паровоз жасайтын зауыт.

- 1941 жылы Луганск қаласындағы паровоз шығаратын зауыт көшіріледі. Соның базасында Алматы ауыр машина жасау зауытты ашылды (АЗТМ).
- Қазақстан ірі оқу орындарының орталығына айналды. Алматыға 12 жоғары оқу орны және 4 техникум, Мәскеудің атақты Авиация, Заң, Сауда-кооператив, Түсті металлургия және алтын институттары, Бүкілодақтық мемлекеттік кинофотография және т.б. институттар көшірілді.

- Соғыста жараланған солдаттарды емдеу үшін Алматы қаласында 11 әскери госпиталь ашылды.
- Сонымен қатар, Алматы фабрикаларында тігілген 25000 тонна жылы киімдер майданға жіберілген. Соғыста атылған әрбір үшінші оқ Қазақстанда жасалды.

Дайындаған
Т.ДЕРЫСАЛИН.

(Дереккөздер: e-history.kz,
Qazaqstan tarihiy portaly, «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы
№ 2(14), 2018)



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ЕГЕМЕНДІК ҚОРҒАНЫ – ӘСКЕРИ КҮШ

Соңғы уақытта болған жағдайлардан, әсіресе, «Қаңтар оқиғасынан» кейін еліміздегі әскери құрамға көңіліміз күпті болып қалғаны жасырын емес. Кәсіби армиямыз турасында қордаланған мәселе де көп. Солардың бірі – еліміздегі жоғары оқу орындары жанынан ашылған әскери кафедраларға қатысты болмақ. Еліміздегі, оның ішінде Алматы қаласындағы жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедраларды зерттеп көрген едік.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Әскери кафедралар, яғни әскери істер институты университетте басқа мамандықта оқитын студенттер арасында запастағы офицерлер бойынша әскери дайындық жүргізеді. Кафедрада студенттер негізгі мамандығымен қатар, әскери дайындықтан өтіп, екінші әскери диплом алып шығады. Жалпы, еліміздегі қанша жоғары оқу орнының базасында әскери кафедра бар? Запастағы офицерлер қандай мамандықтар бойынша даярланады?

Әскери кафедра Қарулы Күштер мен басқа да әскери құрылымдар үшін запастағы офицерлер дайындайтын жер деуге болады. Әскери кафедраны тәмамдап, лейтенант әскери атағын алып шыққан әскер бірден жұмылдыру резервіне енгізіледі. Қажеттілік туындағанда олар әскерге ша-

қырылады. Әсіресе, елге қандай да бір қауіп төнген уақытта әскер қатарына қосылуға міндеттелген.

Алғаш рет 1934 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде әскери кафедралар ашылды. Сол тұста Қ.И.Сәтбаев атындағы университеттегі әскер кафедрасы 6 кеңес Одағының Батырлары дайындалған. Кеңес үкіметі кезінде ЖОО-да 11 әскери кафедра болған. Тәуелсіздік жылдары 25 әскери кафедра қосылды. Қазір еліміздегі 36 университеттің базасында әскери кафедра бар. Оның алтауы медициналық ЖОО-да жасалған. Бұл елдегі барлық медициналық оқу орнында әскери кафедра бар деген сөз. Себебі де түсінікті. Армияға дәрігерлер аса қажет. Қолда бар мәлеметтерге сүйенер болсақ, бүгінгі күні бұл кафедралардан 8 мыңнан астам запастағы офицер дайындалып

шықса, соңғы 4 жылда 32 мыңға жуық студент лейтенант шенін алып шыққан. Тәуелсіздіктің 30 жылдығында кафедралар 110 мыңнан астам запастағы офицерді дайындаған. Бүгінгі таңда 15 мыңнан астам студент әскери кафедраларда оқып жатыр.

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті жанындағы әскери кафедрасы 1931 жылғы 1 қыркүйекте КСРО СНК қаулысымен Қазақ тау-кен металлургия институты жанынан құрылды.

Қазақстандағы барлық жоғары оқу орны жанындағы әскери кафедралар іріктеу жұмысы бірдей жүргізіледі. Яғни 3 сатыдан өтеді. Бірінші, әскери-медициналық байқау; екінші, психологиялық тестілеу; үшінші, дене шынықтыру дайындығынан өтеді. Іріктеу комиссиясының кезеңінен өтпеген студент келесі кезеңге қатыса алмайды.

Ержан ЕРГЕШОВ, Құрлық әскерлері әскери институтының тәрбие және идеологиялық жұмыстар кафедрасының оқытушысы, подполковник:

– Қарулы Күштердің басты мақсаты – еліміздегі тәуелсіздігіміздің Ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қазіргі тәуелсіз армиямыз заманға сай дамып келе жатыр. Дегенмен, жыл сайын сапалық, құрылымдық жағын арттыруға үлесін қосатын ол – әскери оқу орындары. Жыл сайын бітіріп шығатын жас лейтенанттар Қарулы Күштерде қызмет атқарады. Қарулы Күштердегі ең басты мәселе – кәсіптік дайындық. Дайындықтарын көрсету, өз кәсібін жақсы меңгеру – әскерге қойылатын ең бірінші талап деуге болады. Арнайы әскери оқу орындарынан бөлек, азаматтық оқу орындары, мемлекеттік, ұлттық, техникалық университеттерде әскери кафедралар бар. Кафедрадағы студенттер 2-курстан кейін әскери кафедраларға оқуға мүмкіндік алады. Ол жерде студенттер психологиялық, дене жаттығуы деген сияқты арнайы дайындықтан өтеді. Әскери оқу орнын бітірген әскерлер тікелей әскери бөлімдерге жіберілсе, әскери кафедра бітірген студенттер өз мамандығы бойынша жұмыс істейді, қажет жағдайда запаста болады, яғни әскерге шақыртылады. Әскери кафедраларда оқыған студенттер шен алғаннан кейін өзінің жеке қалауымен әскери бөлімдерде қызмет атқара алады. Әскери кафедраларда арнайы мамандықтар бойынша дайындайды. Тәрбие жұмысы немесе медицина қызметі, жаяу әскер бойынша әртүрлі салада оқу орнында мамандыққа сәйкес дайындалып шығады. Әскери құрылым жөнінде бұрыннан да қорытынды жасалған. Сондықтан әскери салада қажет мамандықтарда оқытады. Мысалы, әскери медицинаға көбінесе әскери кафедралары бітірген мамандар келеді.

● ТҮЙІН:

Әскери саладағы лауазым иелерін тек қана әскери оқу орындарында оқыту аздық етеді. Сол үшін де университеттердегі әскери кафедралар запастағы лейтенанттарды даярлайды. Бұның өзі кәсіби әскер құруға сеп болары сөзсіз. Ал елдің тәуелсіздігі мен тыныштығына кәсіби әскер кепіл бола алады.

● 9 МАМЫР – ЖЕҢІС КҮНІ

ЕРЛІККЕ – ТАҒЗЫМ!

Мегаполисте мереке құрметіне орай 40-тан астам түрлі іс-шаралар өткізіледі

Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Спикердің айтуынша, биыл Алматыда Жеңіс күні жоғары деңгейде ұйымдастырылады, оның үстіне соңғы 2 жылда толық ауқымды іс-шаралар өткізілмеді. Соғыс ардагерлеріне және тыл еңбеккерлеріне жергілікті биліктен де, ардагерлер кеңесінен де барынша көп көңіл бөлінетін болады.

Ақан Бижанов Алматының ардагерлер қозғалысы үлкен және маңызды жұмыс атқарып, жас ұрпақты тәрбиелеуде шешуші рөл атқаратынын атап өтті. Сондықтан Жеңіс күніне арналған іс-шаралар патриотизмді тәрбиелеуге және аға буынды құрметтеуге бағытталады.

ШАҒАР ЖЕҢІС КҮНІ МЕРЕКЕСІНЕ ДАЙЫН

Ардагерлерге құрмет көрсету 9 мамырға дейін басталған. Алматы әкімдігінің бастамасымен және мәслихаттың қолдауымен соғыс ардагерлеріне 1 миллион теңге мөлшерінде біржолғы төлемдер жүзеге асырылады. Сонымен қатар, жеңілдіктер бойынша ҰОС ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге және басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне біржолғы әлеуметтік көмек көрсетілді.

«Қалада қазіргі күні мерекелік көңіл күй. Соғыс батырларының портреттері бар 40 билборд орнатылды, 9 мамыр тақырыбында қаланың барлық медиаортарын-



да және метро станцияларында роликтер орналастырылды. 20 мың «Жеңіс лентасы» дайындалып, қала тұрғындарына таратылады», – деді ардагерлер қозғалысының төрағасы.

Лентаны сауда ойын-сауық орталықтарына, саябақ аймақтарына, 28 гвардияшыл-панфиловшылар атындағы саябаққа, Орталық мәдениет және демалыс саябағына барған кезде алуға болады.

Айта кететін жайт, мерекелік безендіруден басқа, аудандық әкімдіктер ардагерлер мен жергілікті тұрғындар үшін концерттер өткізеді.

«БАТЫРЛАРҒА ТАҒЗЫМ» АКЦИЯСЫ ӨТЕДІ

Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандық ардагерлерді еске алу



мақсатындағы бұл акция 9 мамырда сағат 9:30-да өтеді. Бұл уақытта Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қою үшін Орталық мәдениет және демалыс саябағынан 28 гвардияшыл-панфиловшылар атындағы саябаққа дейін колонна қозғалысы басталады.

Гүл шоқтарын қойған соң қазақ эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт өтеді. Шара барысында Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне де мерекелік дастархан ұйымдастырылады. Мереке өтетін жерде әскери шатырлар мен заманауи қазақстандық әскери техника мен қару-жарақ қойылады.

Сондай-ақ, Ақан Бижанов биыл қала әкімі, оның орынбасарлары, аудан әкімдері мен мәслихат депутаттары ардагерлерді аралап, әрқайсысымен жеке кездесулер өткі-

зетінін айтты. Мерекелік шаралар аудан әкімдіктері жанындағы алаңдарда да, саябақтарда да, тіпті тұрғын үйлердің аулаларында да күні бойы өтеді.

Спикер Ұлы Отан соғысы майданына шамамен 1,3 млн қазақстандық шақырылғанын атап өтті.

Қала тұрғындарының назары Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қоюдың құрамдас бөлігі болатын «Батырларға тағзым» акциясын өткізуге бағытталатынына сенімді. Бүкіл ел бойынша бұл акцияның Алматыда ғана офлайн форматта өтетінін атап өткен жөн.

А.Бижанов Жеңістің символы – «Жеңіс лентасы» екенін еске салды. Алтын түстес Қазақ ұлттық ою-өрнегі және Отан соғысы ордені бейнеленген аспан-көк түсті жібек лента.

«Олар үлкен көлемде шығары-

лады. Шамамен 20 мың дана. Оларды еріктілер мерекелік іс-шаралар өтетін жерлерде таратады. Бұл таспа біздің елімізде жетінші жыл шығарылып келеді және Қазақстан халқы зор ықыласпен оны кеудесіне таады», – деп жалғастырды спикер.

Ардагерлер «Жеңіс лентасын» кию азаматтардың патриоттық сезімдерін нығайтуға ықпал ете отырып, әрбір қазақстандықтың мемлекеттің табыстары мен жетістіктеріне жеке қатысуының көрсеткіші болатынына сенімді.

АКЦИЯ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ
ЖӘНЕ САЯСИ ШАРА ЕМЕС

Ұйымдастырушылар арандатушы символиканы қолданбауға шақырды.

Қала тұрғындары мен қоғамдағы акцияға қосылуға және Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, тыл еңбеккерлерінің, концлагерь тұтқындарының, блокададан аман шыққандардың, жауынгер балалардың портреттері немесе туысқандарының фотосуреттерін алып келуге шақырамыз.

Мұрат Абдушқуров осынау ұлы ерлікті есте сақтау, оны ерлік тарихы ретінде ұлықтау әрбір қазақстандықтың қасиетті борышы екенін атап өтті.

Сондай-ақ, акцияның ережесін де жариялады. Қатысушыларға оны жарнама алаңы ретінде пайдалануға және баннерлерде қозғалыс мақсатына қатысы жоқ кез келген корпоративтік, саяси немесе басқа белгілерді көрсетуге тыйым салынады.

Ұйымдастырушылар азаматтарды арандатушылық белгілерді (Z, V, Георгий ленталары, қызыл жалаулар және т.б.) және басқа республикалардың мемлекеттік туларын қолданбауға шақырды. «Жеңіс лентасы» сол жерде таратылады.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

Ғұмырын ғылым мен білімге, діни ағарту саласына арнаған Әбсаттар қажы Бағысбайұлының дүние салғанына биыл 1 жыл өтті. Мұндайда ол кісі туралы өткен шақпен естелік жазу қандай ауыр десеңші... Алла Тағала қадірлі ағамызды панасына алғай. Халқымызда «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген сөз бар ғой. Әбсаттар қажы Дербісәлі Бас мүфти болған кезде қызметке деген ұқыптылығымен, іс-қағаздарды жүргізу барысында тиянақтылығымен, басқару ісінде ақылгөй басшы қасиетімен, адамдармен тіл табысуда зиялы болмысымен, ғылыми ізденісте табандылығымен халқының есінде мәңгілікке сақталды.



ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ, ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ



Ол Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасын басқарған 10 жылдан астам уақыт аралығында мүфтияттың оқу-ағарту саласын жаңа деңгейге көтерді. Ағамыздың қаламынан туған ғылыми еңбектер мен ғибратты шығармалар өз оқырмандарын ізгілік пен ізденіске, имандылық пен адамгершілікке үндей беретіні сөзсіз.

ҒЫЛЫМНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Қазақ жерінде, қазақ елінде дүниеге келген елуден астам тұлғалардың өмірдерінен тауып, тарихтың терең қатпарларының астында қалған ғылыми өмірбаяндарын жасап, шығармашылық мұраларын қайтадан қалпына келтіру, оларды зерттеу, бүгінгі заманның талаптарына сай саралау мен бағалау, сөйтіп алғаш рет ғылыми айналымға түсіру, өндіріске енгізу, әрине, оңай іс емес. Әбсаттар қажы Бағысбайұлы осы және басқа да ғылыми ізденістері мен іргелі істерін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде бастап, сонда жүргізді. Осында жүріп фарабитану ғылымының дамуына зор үлес қосты, «Фарабитану» оқу курсының негізін қалады, университеттің халықаралық байланыстар жөніндегі жұмыстар бойынша проректоры бола жүріп, шетелдің аса ірі деген ғылыми және оқу орталықтарымен тығыз қарым-қатынас орнатты, әсіресе, Шығыс елдерінің ғылым мен білім саласындағы мемлекеттік басқару органдарымен, дипломатиялық қызмет басшыларымен достық хәм ынтымақтастық қатынастар айтарлықтай ірі нәтижелер берді. Ғұлама әуелі филология факультеті құрамында араб бөлімін, араб филологиясы кафедрасын, содан соң «Шығыстану» мамандығын, шығыстану факультетін ашты, ол мамандық бойынша кадр дайындауға қажетті жағдайлар жасау ісін қолына алып, материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік және басқа салаларда ең жаңа және тиімді жетістіктерді өндіріске енгізді, университеттің Әбу Насыр әл-Фараби атымен аталуына қол жеткізді...

Шығыс елдеріндегі елшілік, Қазақстан

мұсылмандарының дінбасысы, Бас мүфти, Шығыстану ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметтері ғұламаның ислам мәдениеті, шығыстану саласындағы іргелі ізденістеріне тың тыныс, серпінді серпіліс берді.

Автордың ертеде өмір сүріп, ел үшін ерен еңбек еткен тағы басқа ірі шығармашылық тұлғалардың ғылыми өмірбаянын жасауы, әдеби мұраларын зерттеуі және олардың нәтижелері, мәдени-әлеуметтік маңызы туралы да осындай биік ұғымдамыз. Бұған себеп – автор еңбектерінің әдебиет, әдеби ой әлемі үшін жаңалығы, қоғам дамуы, әлеумет өмірі үшін маңызы, ғылыми негіздерінің беріктігі, дәйектерінің жеткіліктілігі, тұжырымдарының дәлелділігі.

Әдебиет пен мәдениет, олар туралы эстетикалық ойлардың дамуы, қоғамдық сананың кемелденуі, жамағаттың ынтымағы мен бірлігі, ынабаттылығы мен имандылығы үшін Әбсаттар қажы Дербісәлі еңбектерінің маңызы жоғары. Туған әдебиетімізді, әдеби-эстетикалық ойларымыздың қорын әдеби-эстетикалық және мәдени-әлеуметтік тұрғыда жан-жақты негізделген жаңа қағидалармен, тың тұжырымдармен байытты. Ел ішіндегі және еларалық ынтымақ пен бірліктің нығаюына, мәдениетаралық ынтымақтастықтың дамуына зор үлес қосты. Қоғамдық сананың өсуіне ықпал етті. Ғалым осы еңбектерінің бәрін бір Алланың разылығы үшін жасап, барлық мадақ пен құрмет бір Аллаға ғана лайықты деп біледі. Алла алдындағы, адам алдындағы осыншалық кішіктік, тазалық Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти хәм ғұлама Әбсаттар қажы Дербісәліге ғана лайықты хәм жарасымды.

ДЕРБІСӘЛІ ДӘУІРІ

Мемлекетте унитарлы дербес діни басқарманың болуы – әрбір халыққа бұйыра бермейтін бақ. Тарих – дәлел. Унитарлы мемлекеттің де діни басымдығын құрайтын мұсылман жамағатының жік-

жікке бөлінгені емес, бір шаңырақ астында топтасқаны, мүфтияттың беделінің биік болғаны мақұл. Діни басқарма жетекшілігінде он үш жыл болған Дербісәлі кезеңі несімен ерекшеленді? 1947 жылы дүниеге келген, филология ғылымының докторы, профессор, шығыстанушы, дипломат, Сауд Арабия корольдігіндегі ҚР елшілігінде қызмет атқарған Әбсаттар қажы Дербісәлінің мүфтилік дәуірі (2000–2013) діни саланы зайырлы мемлекет – қоғам – дін қағидаларына сай жүйеге келтірді. 13 жылдағы жеткен жетістіктер мен жүріп өткен жолдың ақпары ҚМДБ Үндеуінде толығымен көрсетілген, әрбіріне жеке-дара тоқталмай-ақ, біреу мысал ғана келтірелік. Әбсаттар қажы іс басына келген тұста еліміздің мешіттерінің саны туралы ақпарат ауыздан-ауызға 4000–5000 төңірегінде құбылатын. Сөйтсек, бұл ауыздағы «шашақты» сөз екен: бары 1402 мешіт болыпты. Оның 284-і ғана 2000 жылдардың басында ҚМДБ-ның филиалы ретінде тіркелген екен. Қазір 2300-ге жуық мешіттің барлығы дерлік мұсылмандардың ортақ шаңырағы астында топтасты.

тарды түзеу ұзақ уақытты қамтитынын ескерсек, сәл ертеректегі сауатсыз, шала молда имиджі – білімді, білікті имам дәрежесіне көз алдымызда өсті. ҚМДБ-ның құрылымы кәдімгі мемлекеттік, әйтпесе, мекемеге қойылатын халықаралық стандарттарға сай жіктелді, құрылды, құнтталды, нығайды. Дінге қызмет ету жолындағы Әбсаттар Дербісәлінің алдымен ойға оралатыны – ұстаздығы. Шәкірт тәрбиелеушінің бойында ұрда-жық, өреп-құбылыстары емес, өзгеден білмегендігі үйренуді ар көрмеу, дұрыс білім алуға шақыру дейтін қасиеттер болады.

Ислам қағидалары күнделікті өміріне қайтадан ене бастаған қазақ қоғамында осы он үш жылда бұл айрықша қажет еді. Сосын Әбсаттар қажы ақсақалдық танытты. Телісі мен тентегіне тәйт десе де, қиыс кеткен жастарға қатысты пікірін білдірсе де, қатты айтпады. Ақыл тоқтатқан ақсақалдығымен, ғылым-білім тілімен, радикалды жолдың жөнсіз екенін, Исламның мейірімге, махаббатқа, жақсылыққа, ата-ана, жақын-жуыққа, мемлекетке септесумен көрініс табатындығын түсінді-



Осы он үш жылда қоғамның имандылыққа бағыт алуы, Ислам қағидаларын күнделікті өмірінде ұстану салтының пайда болуы, жастардың имандылық бұлағына ұмтылысында ҚМДБ төңірегіне топтасқан Бас мүфти бастаған имамдар шоғырының үлесі болды. Қазақтың ата-бабасының күнделікті тұрмысындағы тақия-шапаны бүгінгі күні Діни басқарма қызметкерлері, мешіт имамдары мен молдаларының сипатында сақталды. Шапанды қазақ – шапанды имам ассоциациясын беретін болды. Дініміздің насихаты ата-баба дәстүрімен сабақтасты. Сонымен қатар, ақ пен қараны ажырату, рас діні қайсы, қырын кеткен ырымы қайсыны айыратын жаңа бір молдалар буыны қалыптасты.

Өліпті таяқ деп білмеу, естігенімен уағыз жасайтындар емес, сауатты, діннің негізгі қағидаларын, халыққа қажетті насихатты білетін жаңа бір имамдар шоғыры сап түзеді. Қайсыбір олқылық-

руге тырысты. Әйтпесе, сан салалы ағымдардың өкілдері тарапынан ҚМДБ-ға, оның төрағасына қатысты лайықты-лайықсыз сын айтылмай қалмады.

Дербісәлі ақсақалдық танытты, жамағатының жақсылығын асырды, жамандығын жасырды. Азаматтық танытты. Дін туралы заң қабылданған тұста да, қоғамның тыныштығын, берекесін қашыратын алуан түрлі құбылыстарға қатысты әрдайым үн қатып отырды. Ішімдікке қатысты болсын, әдепсіз, арсыз қылықтарға болсын бей-жайлық танытпады. Жақсылыққа жаршы болды. Мұсылманның мерекелері заңмен бекітілуіне сеп болды. Ақсақал, ұстаз, азамат Әбсаттар Дербісәлі дін жолындағы осы тірлігімен аталған қызметтің жүгін мойнына алған азаматтарға жол, үлгі, нұсқа, тіпті биіктік қалдырды десек болар.

Дайындаған
Айжан БҮРКІТБАЕВА.



Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 мамырдағы №2/115-179 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 18 ақпандағы №1/1-159 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 18 ақпандағы №1/1-159 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірлері 1, 2, 3, 4, 5, 7 жолдары алынып тасталсын.

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б. Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 мамырдағы №2/115-176 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 5) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2021 жылғы 21 қазандағы №33 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласының Бас жоспарын жүзеге асыру үшін (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) «МАК – СЕРВИС ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Алмалы ауданындағы, Мақтаев көшесі, 97/1 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы – 0,0198 га (кадастрлық нөмірі 20-311-042-152) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б. Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 мамырдағы №2/115-180 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 қарашадағы №4/562-2694 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 қарашадағы №4/562-2694 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 3 жолы алынып тасталсын.

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б. Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 мамырдағы №2/115-178 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімдігінің қаулыларына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Алматы қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы №4/407-891 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірлері 23, 24 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

23	Смагулова Батен, Бакытжан Нурбол	20-322-004-047	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы көшесі, 19	0,0625
24	Пайғамбар Зайра Смайылқызы, Пайғамбар Ыбрайым Смайылұлы, Пайғамбар Муса Смайылұлы	20-322-004-053	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы көшесі, 21	0,0613

2) 2021 жылғы 10 маусымдағы №2/205-534 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 9 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

9	Байжуманова Асель Сапаркановна	20-322-004-336	«Қалқаман-2» шағынауданы, Төле би көшесі, 308/15	0,0797 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0097
---	--------------------------------	----------------	--	---

реттік нөмірі 21 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

21	Нуримова Айгуль Кадыровна	20-322-004-443	«Қалқаман-2» шағынауданы, Төле би көшесі, 308/22	0,0727
----	---------------------------	----------------	--	--------

реттік нөмірі 26 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

26	Сыдыкова Маншук Мәуғановна	20-322-004-459	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сағатов көшесі, 78	0,1582 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0250
----	----------------------------	----------------	--	---

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б. Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 мамырдағы №2/115-183 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімдігінің қаулыларына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Алматы қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 18 қазандағы №4/452-2694 «Мемлекет мұқтажы үшін жер телімдерін алып қоюға байланысты жер телімдерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірлері 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34 жолдары алынып тасталсын.

2) Алматы қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 6 желтоқсандағы №4/452-3278 «Мемлекет мұқтажы үшін жер телімдерін алып қоюға байланысты жер телімдерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірлері 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 23, 24, 25, 26 жолдары алынып тасталсын.

3) Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 ақпандағы №1/1-284 «Мемлекет мұқтажы үшін жер телімдерін алып қоюға байланысты жер телімдерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірлері 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 48, 49 жолдары алынып тасталсын.

4) Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 тамыздағы №3/440-2519 «Мемлекет мұқтажы үшін жер телімдерін алып қоюға байланысты жер телімдерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 2 жолы алынып тасталсын.

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Алматы қаласы бойынша филиалына осы қаулыны мәлімет үшін жіберсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б. Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 мамырдағы №2/115-182 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күшін жою туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес және «Алматы қаласы қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 15 наурыздағы №15151СЛ хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Алматы қаласы әкімдігі қаулыларының күші жойылсын.

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Алматы қаласы бойынша филиалына осы қаулыны мәлімет үшін жіберсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б. Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 мамырдағы №2/115-182 қаулысына қосымша

Алматы қаласы әкімдігінің бұзылатын қаулыларының тізбесі

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 15 қарашадағы №4/452-3096 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы».

2. Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 6 маусымдағы №2/200-1704 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы».

3. Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 6 маусымдағы №2/200-1707 «Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 ақпандағы №1/1-284 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы».

4. Алматы қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 15 қаңтардағы №1/1-28 «Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 ақпандағы №1/1-284 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы».

5. Алматы қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 29 шілдедегі №3/226-415 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы».

6. Алматы қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 27 қарашадағы №4/407-805 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы».

7. Алматы қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 27 қарашадағы №4/407-807 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы».

8. Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі №4/494-917 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы».

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 мамырдағы №2/115-177 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2021 жылғы 24 қарашадағы №36 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жол үшін Елемес Аманович Дукембаевтың, Акукы Мухамеджановна Дукембаеваның Алматы қаласының Алатау ауданындағы «Алғабас» шағынауданы, Жана Құрылыс орамы, 1/8 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-068-1497), ауданы – 0,0540 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б. Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 мамырдағы №2/115-181 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 17 наурыздағы №1/1-281 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 17 наурыздағы №1/1-281 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына, келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірлері 8, 9 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

8	Сарибаева Дана Кемельбековна	20-322-010-072	«Ветеран» бағбандық серіктестігі, 3/1	0,0600
9	Васнев Олег Вячеславович	20-322-010-074	«Таужолы» шағынауданы, «Химик» бағбандық серіктестігі, 31	0,0735

»;

реттік нөмірі 17 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

17	Ахмедия Адилет Ахмедияевич	20-322-010-1150	«Ветеран» бағбандық серіктестігі, 1	0,0643
----	----------------------------	-----------------	-------------------------------------	--------

реттік нөмірлері 25, 26 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

25	Алиева Ирина Валентиновна	20-322-010-1375	«Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 82	0,0800
26	Ақбасова Акмарал Абылқайровна	20-322-010-148	«Абай» шағынауданы, «Химик» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 30	жалпы-0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0020

реттік нөмірлері 28, 29 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

28	Аупенова Зейнекуль Сағымбековна	20-322-010-210	«Нерудник» бағбандық серіктестігі, 40	жалпы-0,0790 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0009
29	Момбаева Нурзипа Казисовна	20-322-010-230	«Нерудник» бағбандық серіктестігі, 43а	0,0500

реттік нөмірі 45 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

45	Маркова Наталья Алексеевна	20-322-010-320	«Абай» шағынауданы, «Химик» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 37 учаске	0,0690
----	----------------------------	----------------	---	--------

реттік нөмірлері 48, 49 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

48	Раимова Кияш	20-322-010-332	«Нерудник» бағбандық серіктестігі, 45	0,0300
49	Раимова Кияш	20-322-010-333	«Нерудник» бағбандық серіктестігі, 45а	0,0300

реттік нөмірі 55 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

55	Саламатова Алтынай Умирзаковна	20-322-010-484	«Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 9/2	жалпы-0,0511 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0084
----	--------------------------------	----------------	--	---

реттік нөмірі 69 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

69	Живаго Сергей Иванович, Доглих Наталья Ивановна	20-322-010-951	«Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 71	жалпы-0,0990 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0147
----	---	----------------	---	---

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б. Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 мамырдағы №2/115-175 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 4 сәуірідегі №3 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сайын көшесін ұзарту үшін Алматы қаласының Алатау ауданындағы Сайын көшесі бойында, Рысқұлов даңғылының солтүстігінде, Ақын Сара көшесінің оңтүстігінде орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б. Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 мамырдағы №2/115-175 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығаруға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Армия Шамшидинов	«Ақбұлақ» шағынауданы, Томамов көшесі, 46	20-321-051-1389	0,0857
2	Муканова Нургуль Маратовна	«Ақбұлақ» шағынауданы, Шәріпов көшесі, 188а	20-321-051-1406	0,0589



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;
8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 7 айға – 4203,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 7 айға – 11343,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 7 айға – 3083,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY»
жарияланымдары
мектептерде, колледждер мен
университеттерде оқылады,
әлеуметтік желілерде
зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –
алматылықтардың да, еліміздің бар-
лық дерлік өңірлеріндегі оқырман-
дарымыздың да асыға күтетін, сүйіп
оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен
журналистикасының дәстүрлі мектебі!

НАУҚАН

«Qoldau» акциясы

Алмалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында өтті



28 сәуірде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті Алмалы ауданы бойынша МКБ-мен бірлесіп кәсіпкерлерге Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде қолдау және көмек көрсету бойынша «Qoldau» кезекті акциясын өткізді.

Акция апта сайын бейсенбі күндері кестеге сәйкес, Алматы қаласы бойынша аудандық мемлекеттік кірістер басқармаларында сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін өткізіледі. Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 93/95 ғимаратта өткізілген акцияға 332-ден астам Алматы қаласының тұрғыны қатысып, өздерінің көкейкесті сұрақтарына жауап алды.

2022 жылдың 1 наурызынан бастап қолданысқа енген салық төлеушінің паспорты, жалпыға бірдей декларация, «E-Salyq Business» және «E-Salyq Azamat» мобильді қосымшаларының, оларды ұялы телефондарға орнату алгоритмдері, пайдалану ережелері мен деректерді енгізу мәселелері қозғалды. Сонымен қатар, қазіргі уақытта қоғам тарапында қызу талқыланып жатқан мобильді аудармалар бойынша жиі қойылатын сұрақтарға жауап берілді.

Келесі кездесу Түркісіб ауданы бойынша МКБ-да ағымдағы жылдың 5 мамырында өтеді. Аталған шарада өзіңіздің сұрағыңызға жауап алып, қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында өз ұсыныстарыңызды қалдыра аласыз.

Арайлым ӘБДІРАЙИМОВА,

Алматы қаласы Алмалы ауданы бойынша МКБ бас маманы.

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

Алматы қаласы Алатау ауданының сотына Алматы қаласы Алатау ауданы «Ақбұлақ» ықшамауданы, 7-үй, 20-пәтерде тұратын Кардасынова Каум Кокебаевнадан 1952 жылы 1 ақпан күні туған Алматы қаласының тумасы Олжебаев Талғат Жумағалиевичтің хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы өтініші келіп түсті.

Т.Ж.Олжебаев орналасқан жері туралы мәліметтер білетін тұлғалар мына мекенжай бойынша Алматы қаласы, Алатау ауданы «Шаңырақ-2» ықшамауданы, Жанқожа батыр көшесі, 26-үй Алатау аудандық сотына осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 ай мерзімде хабарлау ұсынылады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қалалық әлеуметтік әл-ауқат басқармасы Алматы қаласының Статистика департаментінің мәліметіне сәйкес 2022 жылдың 1 тоқсанына Алматы қаласы бойынша күнкөріс деңгейінің көлемі 40 880 теңге, кедейлік шегі – 28 616 теңгені құрайтынын хабарлайды.

Газетіміздің келесі саны 12 мамыр, бейсенбі күні шығады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

Қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидалары

ҚР ТЖМ Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті 2021 жылдың 6 желтоқсанынан бастап Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі №485 бұйрығымен бекітілген «Қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидалары» күшіне енгендігін хабарлайды.

Одан бөлек, жоғарыда баяндалған бұйрықтың 2-тармағымен «Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №229 бұйрығының күші жойылды деп танылды.

Бұл ретте Сіздің назарыңызға Қағидалардың 4, 5-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №353 бұйрығымен бекітілген қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендіру қағидаларында айқындалған тәртіппен пайдалануға берілген және сәйкестендіруден өткен қауіпті өндірістік объектілер есепке қоюға жататынын жеткіземіз.

Қауіпті өндірістік объектілерді есепке қою үшін қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымның басшысы сәйкестендіру нәтижелері бойынша 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендіру жөніндегі ақпаратты қоса бере отырып, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне Сәйкестендіру қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі №188-V «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 20-тармақшасына сәйкес, ұйым иелері қауіпті өндірістік объектілерді есепке қоюды, есептен шығаруды жүзеге асыруға міндетті екенін еске саламыз.

Миржан ИКИН,

Мемлекеттік инспектор – ҚР ТЖМ ӨҚК Алматы қаласы бойынша Департаменті салааралық қадағалау бөлімінің басшысы.

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы
БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Карина Рарег» ЖШС-ға:
– ІС бағдарламашысы;
– АБЖ ТП слесарі керек.
Тел.: 8 707 720 58 15.

«Отбасы банк» АҚ-ға:
– кеңесшілер қажет.
Тел.: 8 775 172 67 68.

«ЭФКО АЛМАТЫ» ЖШС-ға:
– операторлар;
– аппаратшылар;
– жүк тиеушілер;
– тепловоз машиншісі;
– вагондарды дайындау жөніндегі қызметкер керек.
Тел.: 8 776 993 99 99.

«COOC S.K.Z» компаниясы-на:
– кондитерлер;
– асуы жұмысшылары;
– ыдыс жуушылар;
– наубайшыға көмекші керек.
Тел.: 8 776 242 94 49.

«Rahat Palace Hotel» конак-үйіне:
– аспаздар;
– стюардтар;
– қызметшілер керек.
Тел.: 8 (727) 250-12-34.

«Көктем» санаторийіне:
– медбике;
– қызметші;
– тігінші;
– аспазға көмекші;
– наубайшы-кондитер керек.
Тел.: 8 705 806 48 05.

«Каздегпром-Алматы» ЖШС-ға:
– тігіншілер;
– обувщик-клеящиктер керек.
Тел.: 8 775 886 47 64.

«RG Brands» компаниясы-на:
– кіріс бақылау химигі;
– механиктер;
– электроншы;
– супервайзер;

– өндірістік желі операторы;
– ауысым шебері керек.
Тел.: 8 777 715 85 67.

«Первый Пивзавод» ЖШС-ға:
– құю желісінің операторлары;
– зертханашылар керек.
Тел.: 8 771 766 29 07.

«GR20 KAZAKHSTAN» ЖШС-ға:
– «суық қондырғылар» бойынша call-орталық операторлары;
– сауда өкілдері қажет.
Тел.: 8 707 314 47 48.

«Caspian Beverage Holding» АҚ-ға:
– экспедитор-жүргізушілер;
– құю цехына операторлар;
– жүк тиеушілер керек.
Тел.: 8 (727) 258-39-09.

СӨТТІЛІК
СЕРІПІҢІЗ
БОЛСЫН!



Бас директор –
Төлеміс КҰЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефон-
дары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қо-
ғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



АҢЫЗ АДАМ

Алматыда театр және кино өнері майталмандарына арналған «АСАНӘЛІ» сыйлығының баспасөз мәслихаты өтті. Іс-шара барысында өнер саласының үздіктеріне 5 номинация бойынша марапат берілетіні айтылды.

Досбол
АТАЖАН

Қазақ өнерінің аңызға айналған абызы, ҚР Еңбек Ері, КСРО Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты, профессор Асанәлі Әшімұлы 8 мамырда 85 жасқа толады. Бар ғұмырын қазақ кино және театр өнеріне арнаған тұлғаның 85 жас мерейтойына орай Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен алғаш рет «АСАНӘЛІ» сыйлығы тапсырылады.

Марапаттың мақсаты – Қазақстан кино және театр өнері саласында талмай еңбек етіп жүрген майталмандардың кәсіби деңгейін шыңдау, өнерге қосқан еңбегін бағалап, халық арасында насихаттау.

«Қайта-қайта 85 деп айтқандарың тық-тық етіп шекеме тиеді (отырған залда, Асанәлі аға да күлді). Бірақ халыққа қызмет еткен соң, халықтың алдында есеп беру керек. Өзіміз де қуанып, елді де қуантпақ ниетіміз бар. Қол жеткен жерде халықтың алдында өнерімізді көрсетеміз. Осы бастамаларда көп күш қалалық әкімдікке түсті, алғыс айтқым келеді», – деді ҚР Еңбек Ері Асанәлі Әшімұлы.

Марапат келесідей 5 номинация бойынша беріледі:

1. Ең үздік кино актері;
2. Ең үздік театр актері;
3. Ең үздік кино режиссері;
4. Ең үздік театр режиссері;
5. «Театр және кино өнеріне қосқан үлесі үшін».

Сыйлық табыстаушы сарапшылар құрамына Асанәлі Әшімұлы, Ғани Майлыбаев, Еркін Жуасбек, Әбдірашев Рүстем, Амангелді Мұқан, Анар Еркебай, Баубек Нөгербек, Дана Әмірбекова, Талғат Кубеков кірді.

«Өмірі өнеріне, өнері өміріне айналған қазақта біртуар азаматтар бар, соның бірі әрі бірегейі – Асанәлі ағамыз. Сондықтан

ҚАЗАҚ ӨНЕРІНІҢ АБЫЗЫ

Асанәлі Әшімұлы 8 мамырда 85 жасқа толады



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

«АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ

Қазақ көркем өнерінің тағдыр-тарихына айналған айтулы тұлға Асанәлі Әшімұлы – 1937 жылы 8 мамырда Жамбыл облысының Сарысу ауданына қарасты Жайылма ауылында дүниеге келген. Ағамыз өз балалық шағын: «Жалпы, менің ата-тегім елдің батыс бетінен. Атырау жақтан. Сырым бастаған көтеріліс басып-жаншылғаннан кейін соған белсене қатысқан бабаларымыз аумалы-төкпелі заманда мына Арқа жағына келген. Өкемнің әкесі Жаңаарқа жақта туған... Мен көш Келестің тұсына келіп, аз уақыт аялдаған күндерде дүниеге келіппін. Шешем қар еріп жатқан кез деп айтатын. Қар деген көктемде де, күзде де ери береді ғой. Құжат аларда күзден көктемді дұрыс шығар деген оймен 8 мамыр деп толтыра салғанмын» деп еске алады.

Қазақ драма театры мен киносының ең танымал тарланы өткен ғасырдың 60-жылдары Алматы консерваториясында оқып жүріп, студент кезінде түрлі фильмдерде Кенжетай («Ботагөз»), Жанай («Асау Ертіс жағасында»), Бектасов («Бір ауданда»), Болат («Ұшы қиырсыз жол») рөлдерінде ойнады. Консерваторияның актерлік факультетін бітірген соң, «Қазақфильм» киностудиясында әр алуан бейнелер жасап, бірер жылдан соң Қазақ академиялық драма театрына шақырылады.

осындай тарихи тұлғаның мерейтойына орай өтетін мәдени шараны ұйымдастыру біз үшін абырой. Атына заты сай «АСАНӘЛІ» сыйлығы деген үлкен марапатты бастағалы отырмыз. Бұл бүгін өз бастауын алып, 27 мамыр күні Абай атындағы

Қазақ ұлттық академиялық опера және балет театрында өз мәресіне жетеді», – деді Алматы қаласының Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Данияр Алиев.

«Бәрі бірден сарт ете қалған жоқ. Өмірімде қиын-қыстау жолдар көп болды.

Адамда бүкіл сезім оянуы керек. Жас кезінде оның көбісі жоқ, ұрынып қаласың, қателікке ұшырайсың. Ол да керек. Жас кезінде қателеспейтін адам жоқ. Қазір бізге қателесу қиын. Оның бәрін өмір көрсетті. Өмірдің талқысы деген сол», – деп актер жастық шағын еске алады.

Асанәлі Әшімұлы – көрерменнің көңілінен шыққан дара таланты мен ерен еңбегінің арқасында қазақ киносын әлемдік деңгейге көтерген актерлердің бірі болды. Оның кинодағы Бекежан («Қыз Жібек»), Шадияров («Атаманның ақыры»), Қаражал («Жаушы») және өзге де рөлдері нағыз актерлік шеберліктің үлгісіне айналды.

P.S. Бір өзі бір дәуір өнерінің бірегей тұлғасына айналған Асанәлі ағамызды мерейтойымен құттықтап, қазақ өнерінің көгінде жасай беруін тілейміз!

ФИЛАРМОНИЯ

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ



«Жыр жазамын жүрегімнен»

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматыға гастрольдік сапармен Ф.Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясының Қазақ камералық хор ұжымы келді. Дәстүрлі өнердің қарашаңырағында КСРО Халық артисі, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, композитор, профессор Ғазиза Жұбанованың 95 жылдығына арналған «Жыр жазамын жүрегімнен» атты концерт ұйымдастырылды.

Мерекелік шарада Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының жетекші солисі (жеке орындаушысы), «Құрмет» орденінің иегері Зарина Алтынбаева, ҚР Мәдениет саласының үздігі Шәрігул Өтегенова, сондай-ақ Өркен Сағиев, Гүлжан Жұбанышева және Серік Жұбатқан өнер көрсетті.

Бағдарлама барысында Ахмет Жұбановтың «Қарлығаш», «Ақ Шолпан», халық әні «Самал тау», Тәңірберген Молдабайдың әні «Молдабай», орыс халық әні «Ах, Самара городок», әзербайжан халық әні «Nə baxırsan», т.б. қазақ, орыс және шетел композиторларының әндері орындалды.

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында дирижер мамандығының 14-ші студенттік пәндік олимпиадасы Ф.Жұбанованың 95 жылдық мерейтойына арналған. Біздің келіп отырған жайымыздың мәнісі де осында. Концерттіміздің тақырыбын Ғазиза Ахметованың «Жыр

жазамын жүрегімнен» шығармасының атауымен қойдық. Сонымен қатар, бірінші рет осы әуеннің тұсауын кестік. Алматының көрермендері ерке, талғамы жоғары жандар ғой, олардың көңілінен шыға білу де біз үшін біршама қиындық тудырды. Алайда, көп жылдық тәжірибеміздің арқасында көрерменге тамаша көңіл күй сыйладық деген сенімдеміз. Осы ретте гастрольдік сапарымызды ұйымдастырып, бізге қолдау білдіріп отырған облыс басшылығына ерекше алғысымызды білдіреміз», – дейді Ф.Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясының Қазақ камералық хор ұжымының көркемдік жетекшісі әрі дирижері Мербол Құспанов.

Ф.Жұбанова атындағы облыстық филармониясы – жаңа стандартқа сай, мәдени шараларды жоғары деңгейде өткізіп келе жатқан өнер ордасы. 74 жылдық тарихы бар бірегей ұжымның жекелей солистері көптеген халықаралық және республикалық байқаулар мен фестивальдердің лауреаттары атанған.

«Өнер сүйер қауымды тамсандыру мақсатында дәстүрлі әндерімізді, шетелдің әуенін, Батыс Қазақстан өңірінен шыққан композиторлардың туындыларын жаңаша леппен орындап шықтық. Көрермендерді таңқалдыра алық деген үміттеміз. Біздің хор Тәуелсіздіктің құрдасы. Алғаш осы ұжым бой көтергелі бері еңбектеніп келе жатырмын. Қарап отырсам, өнер әлемінде өркендеп келе жатқанымызға 31 жылдай болыпты. Осы уақытқа дейін бізге қолдау білдіріп келе жатқан көрермендерімізге, Мәдениет басқармасына алғысымызды білдіреміз», – дейді ҚР мәдениет саласының үздігі Бақтыгүл Төлегенқызы.

Бүгінде хор репертуарында 600-ден астам туынды бар. Халық әндері, қазақстандық және шетелдік композиторлардың камералық шығармаларымен қатар, әртістер В.А.Моцарттың «Реквием», К.Орфтың «Кармина Бурана», Г.Свиридовтың «Пушкинский венок және Неизреченное чудо», М.Сағатовтың «Мерекелік кантата» және тағы басқа хор классикасының көлемді шығармаларын орындайды. Талғамы биік, тәжірибесі мол орындаушылар залға жиналған көрермендердің құлақ құрышын қандырып, ризашылығына бөленді.

Өнерін ұсына келген Ф.Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясының Қазақ камералық хор ұжымы мен ұжымның көркемдік жетекшісі әрі дирижері Мербол Құспановқа консерватория ректоры Арман Жүдебаевтың атынан Алғыс хат табысталды.